


Зардап шеккен тұрғындармен кездесті
2-бет

Туған жерінің темірқазығы
5-бет

«Қарағанды құрамасы қатардан қалмайды»
8-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІң АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕНБІ, 20 СӘУІР, 2024 ЖЫЛ №44 (23 366)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

Жастар жанашырлығының жарқын үлгісі



Аймақта «Таза Қазақстан» республикалық акциясы жалғасып жатыр. Осы аптада акцияның «Киелі мекен» бағыты аяқталады. Апта бойы облыс тұрғындары тарихи-мәдени ескерткіштердің аумағын абаттандыру жұмыстарымен айналысты.



Жансей ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысының жастар ресурстық орталығы бірқатар шараларға ұйытқы болды. Кеше орталық мамандары мен студенттер, еріктілер Михайловқадағы қорымда жерленген қазақтың бетке ұстар азаматтары Әлімхан Ермеков, Қали Байжанов, Әңгелбай Әлихановтың зиратына барып, тазалап кайтты. Қарағанды мемлекеттік университетінің студенттері Енвей Бекетовтің зиратына тазалық жұмыстарын жүргізді.

Жастар айналасы бір сағаттың ішінде бейгіт маңын тазалап шықты. «Volteg» еріктілер қауымдастығының өкілі Нұрсұлтан Секенов – бұдан басқа да акциялар мен жобаларға белсене қатысатын жас.

«Таза Қазақстан» акциясының екі аптасында 10 волонтерлік ұйымнан 250-ге жуық студент қатысты, – деді Қарағанды облысының Жастар ресурстық орталығының маманы, фронт-офис волонтерларының жетекшісі Ардана Мырзанова.

Жалпы, акцияның «Киелі мекен» аптасы аясында қаладағы ескерткіштердің маңы тазартылды. Бейсенбі күні мәселен, Жеңіс саябағында орналасқан Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған мемориал, Ауған соғысы қатысушыларына, Чернобыль АЭС болған апатты жоюшыларға арналған ескерткіштер тазартылды. Бұған Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің студенттері қатысты.

«Бұл акцияны біз өңіріміздің барлық тұрғындарына үнде ретінде өткіземіз. Жастарды, еріктілерді және барлық халықты аулақтар мен көшелерді коқыстан тазартуға және облысымыздағы экологиялық жағдайды жақсартуға шақырамыз. Біздің акцияларға барлық жастар волонтерлік ұйымдары қатысады.

Келесі аптада ағаш көшеттерін отырғызу, әктеу жоспарланған. 22-27 сәуір аралығы «Жасыл аймақ» деп аталады. 29 сәуір – 4 мамыр – «Өнегелі ұрпақ» апталығы. Бұл кезде ардагерлердің ауалары мен қарттар үйлерінің аумақтарын жинау және абаттандыру ұйымдастырылады. Қорытынды 6-11 мамыр «Мөлдір бұлақ» аптасында су айдындарының айналасы коқыстан тазартылатын болады.

Суреттерді түсірген **Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

• БӘРЕКЕЛДІ!

Алаш сөзінің ақиықтары

Қазақстан Жазушылар одағында өткен дәстүрлі әдеби жыл қорытындысында қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері, жазушылар Өмір Кәріп пен Төрехан Майбас Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты атанды.



Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

«Ortalyq Qazaqstan» газетінің ұжымы сыйлық иелерін шын жүректен құттықтайды. Ел мен жер тағдырына алаңдап, ұлттық болмыс пен ұлттық рухты үнемі алтын қаламына арақау еткен қос жазушы қандай марапатқа да лайық. Заман, қоғам алдындағы жауапкершілікті терең сезіну қалам иесін қайраткер тұлғаға айналдырады. Бұл сыйлық қазақ әдебиеті өкілдерін жаңа ізденіс пен шығармашылық түлеуіне үлес қосады деп сенеміз.

Қазақстан Жазушылар одағы

тағайындайтын халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығы екі жылда бір рет беріліп тұрады. Қаламгерлер арасында мәртебесі биік бұл сыйлық әр жанр бойынша қалам тартып жүрген ақын, жазушыларға, сыншыларға шығармашылық жетістіктері мен шеберлігі және төл әдебиетімізді лайықты түрде насихаттағаны үшін тапсырылады. Қос жазушының бұл қуанышы руханият жанкүйерлері мен жергілікті әдебиетсүйер қауым үшін де, Қарағанды өңірі әдебиеті мен мәдениетінің де ортақ мерейі екендігі анық.

• АБАТТАНДЫРУ

Білімпазға «Білім аллеясы»

Саран саябағында «Білім аллеясы» ашылмақ. Бұл идея қала әкімдігінің де қолдауына ие болды.

Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

Аллея №1 қалалық мектептің алдында орналасады. Қазіргі таңда мектеп алды абаттандырылып, жаңа алаңға дайындалуда. Қала мектептерінің оқушылары ерікті түрде аллея орналасатын алаңда сенбілік жұмыстарын жүргізді. Сондай-ақ, онда ұсақ тастар жеткізіліп, алғашқы жұмыстар

басталып кетті. – Болашақта бұл арада білімге қатысты түрлі ойындар, басқосулар өтеді. Саябаққа келушілерге арнайы кітап дүңгіршегі де қойылмақ. Онда кез келген адам QR кодтарының көмегімен өзіне ұнаған кітаптарды жүктей алады. Осылайша тұрғындар «бу-кроссингке» белсене қатысады, – деп мәлімдеді қала әкімдігі.

Желаяқтар жарыс жолында

4 мамыр күні Қарағандыда облыстық «Индустриальная Караганда» газетінің дәстүрлі жыл атлетикалық 77-ші эстафетасы өтеді. Эстафета Отан қорғаушылар күніне және Ұлы Жеңістің 79 жылдығына арналады.

Аида РАХЫМҚҰЛОВА, «Ortalyq Qazaqstan»

Эстафета 10 кезеңнен тұрады. Жарыстың ашылу салтанаты – сағат 10:30-да Қарағанды қаласының Оңтүстік-Шығысы, Сарыарқа көшесіндегі «Тутұғыр» композициясы алаңында өтеді. Жарыстың басталуы сағат 11:00-де.

дәулуа атындағы олимпиадалық резервтегі спорт мектеп-интернат колледжі; 2-топ – колледждер, Т.Бегелдинов атындағы Әскери мектеп-интернат командалары, Ә.Молдағұлова атындағы олимп.

далары (9 жылдық оқу); 6-топ – өндірістік ұжымдардың командалары; 7-топ – ұйымдардың командалары; 8-топ – спорт клубтарының, күштік



пиадалық резервтегі спорт мектеп-интернат колледжі; 3-топ – екінші дивизионның колледж командалары; 4-топ – жалпы білім беретін мектептердің командалары (11 жылдық оқу); 5-топ – кіші орта мектептердің коман-

құрылым командалары (ІІМ, Қарулы Күштер, ТЖМ, күзет ұйымдары); 9-топ – спорт ардагерлері, мүгедек спортшылар (СПОДА) және әуесқой атлеттер. Төрешілер алқасының отырысы команда өкілдерімен бірлесіп, 29 сәуірде

сағат 15:00-де Н.Әбдіров атындағы спорт сарайының фойесінде өтеді. Эстафетаға қатысу үшін өтінімдер 29 сәуірде сағат 14:30-дан 15:00-ге дейін қабылданады. Анықтама телефондары: (8-7212) 300-268, +7-771-917-26-33.

ORTALYQ QAZAQSTAN ҚҰРМЕТТІ ҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2024 жылдың ІІ жартыжылдығына жазылу науқаны жалғасуда. Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, редакцияда рәсімдеуге болады.

Санаты	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша ҚАЛА
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға 5827,65 тг
Жеке жазылушылар үшін	6 айға 3079,65 тг

Санаты	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша АУДАН / АУЫЛ
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға 5891,70 тг
Жеке жазылушылар үшін	6 айға 3083,70 тг

Қарағанды қ., Ермеков қ., № 33, 8 қабат, 88 каб.

Анықтама телефондары: Сағыныш – 8-702-638-56-85; Нұрсұлу – 8-705-902-04-05; Тел.: 43-57-89 E-mail: otdel.pochtovyuy@bk.ru

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●EUR/KZT 477.55 ●USD/KZT 447.40 ●RUB/KZT 4.76 ●CNY/KZT 61.81

Қазақстан Ұлттық Банкінің 19 сәуір, 2024 жылғы дерегі бойынша



Зардап шеккен тұрғындармен кездесті

«Апат аяқ астынан» демекші, қарғын су Шет ауданының тұрғындарын біраз әбігерге салған еді. Уақытылы жүзеге асқан шаралардың нәтижесінде жағдай тұрақталып, зардап шеккен аудан тұрғындары жана үйлерінде жөндеу жұмыстарын жүргізіп, орналаса бастады. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев аудан аумағындағы су кірген ауыл тұрғындарымен кездесіп, қызыл судың зияны тиген учаскелерді аралады.

Аудандағы су тасқынынан зардап шеккен тұрғындарға шұғыл түрде мемлекеттен 100 АЕК мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төленді. Ауыл тұрғындары бүлінген мүлік үшін де өтемақы алды. Қырылған малдың да құны өтелді.

Нақтырақ айтсақ, 54 үйге жөндеу жүргізу қажет. Тұрғындар оны өздері жасап алмаққа уағдаласты. Бірақ, бұл жұмыстарға да өтемақы төленді.

Апатты алты үйдің орнына бес үй сатып алынды, ал, біреуі салынады.

Бүгінде үй алған отбасылар жана тұрғын үйге біртіндеп көшіп жатыр. Жергілікті жағдайлы аймақ басшысы Ермағанбет Қабдулаулы арнайы барып көрді.

Красная Поляна ауылындағы Наталья Фегилениң үйі апатты деп танылып, оған жана үй сатып алынған-ды. Енді ол отбасымен бірге заттарын көшіріп жатыр.

– Тасқын су 30 наурызда келді. Бізге заттарымызды жинау, малымызды шығарып үлгеру үшін алдын ала хабарланғаны жақсы болды. Көп дүниемізді шығарып үлгердік. Қазір жана үйге жайғасып жатырмыз. Біз шағын



жөндеу жұмыстарын жүргіземіз. Көрсетілген көмек, берілген үй бізге ұнады, мұнда бөлмелер ескі үйімізден көбірек. Жылдамда-тып өтемақы бергені үшін шексіз

алғыс айтамыз! – дейді ауыл тұрғыны.

Ал, Ақсу ауылындағы тұрғындарға қосалқы шаруашылық құрылыстары бар жақсы үйлер

сатып алынды.

Орынбек Жұмажанов Ақсу ауылында 1990 жылдардан бері тұрады. Оның үйі қатты зардап шеккен. Бүгінде жана баспана таңдап алған.

– Осыған ұқсас жағдай 2015



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ӨКІМІ

19.04.2024 Қарағанды қаласы №2-7/1-31

Облыстық мәслихаттың кезектен тыс XIV сессиясын шақыру туралы

Қарағанды облыстық мәслихатының кезектен тыс XIV сессиясы 2024 жылғы 25 сәуірдегі сағат 10.00-де (Әлиханов көшесі, 13, конференц-зал, 5 қабат) шақырылсын.

Н. КОБЖАНОВ
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

ХАБАРЛАМА

Облыстық мәслихаттың 2024 жылғы 25 сәуірдегі кезектен тыс XIV сессиясының қарауына мына мәселелер шығарылады:

- 1) Қарағанды облыстық мәслихатының 2023 жылғы 14 желтоқсандағы X сессиясының «2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» №119 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.
- 2) Басқа да мәселелер.

Н. КОБЖАНОВ
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

ҚҰРМЕТ

Құтқарушыға Президент тартуы

Биылғы су тасқыны елді әбден әбігерге салды. Алайда, дер кезінде көмек қолы жетіп, малы мен жаны құтқарылып жатқан ауыл-аймақтар қаншама. Осындай қиы кезеңде күш-жігерін жұмсаған құтқарушыларға бұқара батасын беріп, алғысын жаудыруда. Ал, Қарағанды облысы төтенше жағдайлар департаменті №23 өрт сөндіру бөлімінің аға өрт сөндіруші-құтқарушысы Серік Сағаш ерен еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің атынан сыйға сағат алды.



Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Серік Сағаш Қарағанды өңірі тобының құрамында су тасқынымен күресу үшін Солтүстік Қазақстан облысына жіберілді. Қызметіне адал құтқарушы ел басына күн туған шақта жанкештілікпен барды. Алапат тасқының әсерінен жұмыс кестесі тұрақсыз болса да, Серік өз тобымен бірге тасқынды тоқтату-

дың бар амалын жасады. Олар тәулігіне 17-20 сағаттап бөгет нығайтып, су деңгейін бақылады. Тіпті, қарғын құрсауында қалғандарды белуардан су кешіп, құтқарып та алды. Серік Сағаш азаматтық қорғау органдарында 2018 жылдан бері қызмет етіп келеді. Осы уақыт аралығында ол еңбексүйгіштігімен, қызметке адалдығымен және қайсарлығымен көзге түсті.

Өз тілшімізден

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Көшет отырғызып, көше жаңарады

Абай мен Топарда биыл 1,5 мың ағаш отырғызылады. Төрт көшеде жолдар орташа жөндеуден өтеді. Атап айтқанда, Шахтерский көшесінде – 1-ден 29-шы үйге дейін, Қызыл кентіндегі Макаров көшесінде және Вольный кентіндегі Степная мен Угольный көшелерінде жолдар жөндеу көреді деп күтілуде. Сондай-ақ, аула аумақтары мен тұйық көшелердің 8 учаскелерінде жолдар асфальтталады. Ұзындығы 2,2 шақырым қаланың 6 учаскесінде жаяу жүргіншілер жолы төселеді.



Сурет облыс әкімінің кеңесшісі

Абайды абаттандыру жоспары облыс басшысы Ермағанбет Бөлекпаевқа баяндалды. Абай ауданының әкімі Сәбит Оспанов елді мекендер көшелерінің санитарлық жағдайын бақылау үшін әкімдік пен полициялардың рейдтері жүргізіліп жатқанын атады.

Сонымен қатар, әкімдік қызметкерлері арнайы планшеттер-

мен жабдықталған. Енді олар әкімшілік нұсқамалар мен айыппұлдарды өз бетінше жаза алады. Планшеттер әкімшілік құқық бұзушылықтардың бірінші тізілімінің базасымен біріктірілген.

– Біздің міндетіміз, әрине, айыппұл салу емес, тұрғындарымыздың, бизнес өкілдерінің

өз аумақтарын ретке келтіруіне қол жеткізу. Біз қазір күн сайын сенбіліктер өткіземіз, әр апта сайын «Таза бейсенбі» акциясы өтеді. Мемлекеттік қызметшілер шығып, тазалық шараларына қатысады, – дейді Абай әкімі Нұржан Тасмағамбетов.

Абайдағы Әлия Молдағұлова көшесінде 26 үйдің шатыры жөнделіп, қасбеттері жанартылмақ.

Атап өткен жөн, Абай ауданында «Таза Қазақстан» акциясы аясында 2400 тонна қоқыс шығарылды. Ал, бұл акция 13 мамырға дейін жалғасын табады.

Өз тілшімізден

• БРИФИНГ

Терезе өкінішке өткел емес

Өкінішке қарай Қарағанды облысы жарақаттану деңгейі бойынша көш бастап тұр. Мамандар тарапынан тұрақты түрде ескертулер жасалғанымен, мәселе күрделене түсуде. Жыл сайынғы статистикалық деректер азаяр емес.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысы травматология қызметінің ахуалдық орталығының басшысы Ерік Шонбаевтың айтуынша, сәуірден бастап балалардың терезеден құлау фактілері тіркелуде.

– Бұл проблема жыл сайын қайталанатын. Ата-аналар баланы қараусыз қалдырғандықтан, бала терезеден құлап, түрлі аралас жарақаттар алады. Бүгінгі күні сәуір айына 4 жағдай тіркелді. Өзірге өлім-жітім жоқ. Дегенмен бұл ата-аналарды ойландыруы тиіс, – деген Ерік Ерланұлы соңғы тіркелген жағдайға тоқталды.

– Жакында ғана баланың терезеден құлау фактісі тіркелді, – деді Ерік Шонбаев. – Бала 2022 жылғы, 4-қабаттан құлаған. Облыстық балалар клиникалық ауруханасына жеткізілді. Бас, аяқ-қол жарақаты және басқа да жарақаттар алған. Қазір баланың жағдайы қалыпты, дәрігерлердің бақылауында. Құлау салдары баланың алған жарақатына байланысты. Балалар кез келген қабаттан құлайды, біріншіден де, төртіншіден де. Оны болдырмау ата-ананың немесе бала тәрбиесіне жауапты қорғаншы немесе қамқоршының қолында.



Сурет ашық дәреккөзінен

Ата-аналар өз баласының өмірін 3-5 мыңға бағалайды. Бұл – терезені ашылып кетуден сақтайтын қорғаныш механизмнің құны. Оны кез келген дүкеннен алуға болады және оны орнату да оңай.

Маман сәуірдің бірінші аптасында су тасқынына байланысты жол жабылған кезде аймақта жол-көлік оқиғасы деректерінің күрт төмендегенін айтады.

– Орташа түрде аптасына жол-көлік оқиғасы салдарынан 70-80 адам дәрігердің көмегіне жүгінесе, сәуірдің 1-7 аралығында 23 адам тіркелді. Оның көпшілігі амбулаториялық деңгейде ем алды. Айдың екінші аптасында, жол ашылған кезде біз қайтадан жол-көлік оқиға-

әжептәуір күрделі операция жасау қажет, – дейді Ерік Ерланұлы.

Сол себепті дәрігер барлық тұрғындарды жол жүру ережесін сақтауға шақырды. Жылдамдық режимін арттырмау, белгіленген регламентпен жүру, жаяу жүргіншілер жолдан өткен кезде абай болу, көліктің толық тоқтағанына көз жеткізіп барып жүруге кеңес берді. Бұл ретте ата-аналар балаларына үнемі айтып, еске салып отыруын да ескертті. Оның айтуынша, облыс бойынша медициналық ұйымдарға жарақаттану себебімен жылына 120-130 мың адам жүгінуді екен. Ерік Ерланұлы бұл өте ауқымды әрі жағымсыз статистика екенін алға тартты.

Әділетті Қазақстанды құрушы – жастар

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Құрылтайдың үшінші отырысында Қазақстанның даму мәселелерінің кең ауқымды тұстарын атап өтті. Президент өз сөзінде «Әділ Қазақстан – жауапты азамат – прогрессивті ұлт» триадасы түрінде елдің болашағы туралы қозғарсын ұсынды.

Мен үшін Қасым-Жомарт Кемелұлының жастарды тәрбиелеу мәселелеріне ерекше назар аударғаны өте маңызды. Ол біздің елімізде талантты, білімді, белсенді жастар көп екенін атап өтті. Аға буынның міндеті – оларға ең асыл және прогрессивті қасиеттерді сіңіру.

Мемлекет басшысы біздің барлық негізгі идеологемаларымыз бен негізгі бағдарламаларымызды қорытындылады. Бұл – Тәуелсіздік пен патриотизм, бірлік пен ынтымақтастық, әділдік пен жауапкершілік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық пен кәсіпқойлық, жасампаздық пен жаңашылдық. Осы басты құндылықтарды бұқаралық ақпарат құралдары мен шығармашылық индустрия, әсіресе, кино, музыка және әдебиет арқылы насихаттау өте маңызды. Сондай-ақ, бұл құндылықтарды жоғары оқу орындары мен колледждер оқышылармен және студент жастармен жүргізетін жұмысқа негіз ретінде алу қажет.

«Біз осы іргелі құндылықты ұрпақ санасына сіңіре беругіз керек. Адал азамат дегеніміз – жақсы қасиеттерге ие болып, адал еңбек ететін және табысқа адал жолмен жететін адам. Яғни, адалдық пен әділдікті бәрінен биік қояды. Озық ойлы ұлт болу үшін бүкіл қоғам сана-сезімін өзгертіп, жаңа

құндылықтарды орнықтыруы керек. Әрбір адам «Адал азамат» деген атқа лайық болса, елімізде әділ қоғам орнайды. «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» – бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Осы үш тағанды озық әрі табысты елге озық әрі табысты елге айналуың басты кілті деуге болады», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



Суретші: Л.ҚАЖЫБАЙ

Мемлекет басшысы қазіргі қоғам үшін өзекті деген мәселелерді атады. Жастардың болашағы мен денсаулығына әсер ететін зиянды әдеттер туралы да сөз қозғалды. Президент нашакорлық пен

есірткі бизнесіне, лудоманияға, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа, буллинг пен агрессияға қарсы іс-қимыл мәселелеріне үлкен мән берді. Міне, жақында ғана ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жазаны күшейтетін заңға қол қойды. Енді мұндай әрекеттер үшін қылмыстық жаза тағайындалады. Осы мәселелерді шешу қоғамдағы заң мен тәртіп құндылықтарын ілгерілетуге ықпал ететініне сенімдімін.

Президент айтқандай, қоғамға қауіпті кеселдермен күресуге зиялы қауым, ақпарат құралдары,

үкіметтік емес ұйымдар, барлығы бір кісідей атсалысуы керек. «Мұны әрбір азаматтың және бүкіл қоғамның міндеті деп түсіну қажет. Себебі, бұл – ұлттың болашағына тікелей қатысы бар мәсе-



ле», – деді Президент. Бұл ретте университет те білім мен тәрбие орны ретінде өз үлесін қоса алады.

Құрылтайда айтылған тағы бір мәселе – IT-технологиялар. Оны Президент «Болашағы зор бір бағыт» деп атады.

«Қазақстанда осы жылдың соңына дейін суперкомпьютер жасап, жаңа дата-орталықты іске қосу жоспарланған. Біз Каспий теңізінің табына арқылы талшықты-оптикалық байланыс желісін салуды көздеп отырмыз. Бұл жоба Еуропа мен Азия арасында тағы бір цифрлы дәліз орнатуға жол ашады», – деді Мемлекет басшысы.

Уақыт жылжыған сайын жаңа технологиялар да дамып, жаңарды. Бұл ретте біздің Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті жастарға мол мүмкіндік береді. Жастар – елдің болашағы, қозғаушы күші. Бұған ешкім дау айтпас. Сол жастарды Әділетті Қазақстанның негізін қалайтын жауапты азаматтар етіп тәрбиелеу, дұрыс жолға бағыттау – бізге жүктелген міндет.

Рустам БУЗЯКОВ,
«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Жастар саясаты департаментінің директоры

Виртуалды әлемнің әбігері

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында болашағы зор бағыттардың біріне IT-технологияларды қосқан болатын. Тіпті, жыл соңына дейін суперкомпьютерлер жасалып, жаңа дата-орталықты іске қосу жоспарланғанын айтты. Қазір жоғарғы технологияларды қолданбайтын сала жоқ.



Президент тапсырмасын орындай отырып...

Салтанат ГИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өміріміздің оңайлап кеткені сонша, кезінде қолмен орындалатын көп дүние бүгінде автоматтандырылып, уақытты да ұтымды пайдаланудамыз. Бірақ, интернет пен цифрландырудың даму қасырында дәл осы жерде «ізін» қалдырмай кететін адам кемде-кем. Яғни, цифрлық тақымын дамыту арқылы белгілі бір әрекеттер жиынтығын орындай отырып, cookie файлдары түрінде сақталатын цифрланған ақпарат қалдырады. Бұл – алаяқтардың нағыз жемі. Айласын іске асыру үшін заманына қарай түрлене бейімделген олар өздерінің әуелгі әрекеттерін жүзеге асыруға кіріседі.

Қарағанды қаласының Қазыбек би аудандық соты төрағасының міндетін атқарушы Арғын Құтышев әлеуметтік желіде тіркеліп, банктен несие алғанда, тіпті, мемлекеттік қызметкердің алу кезінде де адамның цифрлық ізін қалатынын айтады. Виртуалды әлемге жасырын кіріп-шығу мүмкін емес. Дәл осы сәтті кірпік қақпай күткен қылмыс әлемі өзіннің әрекетіне кіріседі.

Деректер қылмыскерлердің қолына түрлі тәсілдермен түседі. Біреуі азаматтардың деректерін интернеттен сатып алса, енді бірі несие алушылардың, салымшылардың мәліметтерін алу үшін банкке уақытша жұмысқа тұрады. Бұл ретте кімнің алаяқ екенін ажырату қиын. Себебі, қылмыскерлер қашықтан, ешқандай кездесулер мен уәделерсіз қылмыс жасайды, – дейді Арғын Мешітбайұлы.

Жалпы, кез келген қылмысты әуелі құқық қорғау органы тергеу-тексергеннен кейін сотқа тапсыратынын білеміз. Бұл – алаяқтарға да қауіпті. Арғын Құтышев өткен жылы Қазыбек би аудандық соты дәл осындай 43 қылмыстық істі қарағанын айтады.

Биылғы 3 айдың өзінде алаяқтар бойынша 17 қылмыстық іс келіп түссе, оның көпшілігі интернет-алақтыққа байланысты. Қылмыстық істердің осы

санаттары бойынша жәбірленушілердің саны өте көп. Тіпті, бір қылмыстық істің өзінде 60 жәбірленушіге дейін болатын кездер бар, – дейді Арғын Мешітбайұлы.

Сот төрағасының міндетін атқарушы кез келген санаттағы адам интернет алаяқтардың құрбанына айналуы мүмкін екенін айтады. Олар, тіпті, адамның жасына, санатына қарай, қылмыс түрін де өзгертіп отырады. Мәселен, зейнетақысымен қосып, барлық жинағын ұстатып қоя беретін карт адамдарға ақша шүғыл керек туыстары болып, қонған шалады. Ал, жеңіл ақша іздеген жастарды қурьер ретінде пайдаланады.

Алаяқтар жәбірленушілерден алған ақшаны тасымалдау үшін лайықты ақы беру арқылы жастарды тартады. Сөйтіп, олар өзі білместен, қылмысқа қатысушы болып шыға келеді. Сондықтан, қылмыскерлердің құрбаны болмас үшін жастар жұмысқа орналасу кезінде жұмыс беруші қызметінің заңдылығын тексеріп қана қоймай, екі тараптың да құқықтары мен міндеттері көрсетілетін ресми еңбек шартын жасасуы керек, – дейді Арғын Құтышев.

Алаяқтықтың келесі түрі – банктен немесе ішкі істер органдарынан қонғау шалу. Жәбірленушіні қылмыскердің әрекетінен қорғау мақсатында өтірік қонғау шалу, нәтижесінде олар өз еркімен несие рәсімдеп, болмаса, депозиттегі ақшаларын алаяқтарға өздері аударып береді.

Кейінгі кезде банк карталарын жасатып, оны алаяқтардың жандайшаптарына өз еркімен берген жағдайлар жиілеп кетті. Атап айтқанда, тұрғындар өз еркіменмен банк карталарын ақшаға сатады. Сөйтіп, тағы да қылмысқа қатысы бар болып шығады. Банк картасын ешкімге бермеңіздер, – дейді Арғын Мешітбайұлы.

Интернет дәуірінде цифрлық із қалдырмау мүмкін емес. Ал, гаджетсіз өмірімізді елестете алмаймыз. Демек, «алайқақ алданбаймыз» деп, кесіп айту қиын. Сондықтан, құзырлы органдар Еgov арқылы несие рәсімдеуге тыйым салған да дұрыс деген уәж айтады.

Банк карталарын, жеке куәліктерді ешкімге беруге болмайды. Кез келген мәміле жасасу кезінде абай болған дұрыс, – дейді Арғын Құтышев.

• РЕСМИ

Заң бұзушылықпен күрес күшейді

2024 жылдың бірінші тоқсанында Мемлекеттік корпорация өз күшімен мемлекеттік қызмет көрсету барысында тіркелген 1319 бұзушылықты анықтады. Салыстырмалы түрде, өткен жылдың осы кезеңінде бұл көрсеткіш 249 бұзушылықты құраған. Мемлекеттік корпорация анықталған фактілерді құқық қорғау органдарына беріп, нәтижесінде 12 қылмыстық іс қозғалды. Бұл туралы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының баспасөз қызметі хабарлады.

«Азаматтарға арналған үкіметтің» 90 қызметкері тәртіптік жауапкершілікке тартылды, 2 қызметкердің лауазымы төмендетілді, 9 қызметкермен еңбек шарты бұзылды. Бұзушылықтар ХҚКО-лар мен мамандандырылған ХҚКО-лар қызметінде, жылжымайтын мүлік тіркеуде, жер кадастрында және тағы басқа қызметтерде анықталды, – дейді құзырлы орын.

Аталған фактілер негізінде Алматы қаласы, Алматы, Қостанай, Шығыс Қазақстан облыстарында сотқа дейінгі тергеулер жүргізілуде екенін атап отыр. Мемлекеттік корпорацияның мәлімдеуінше, сыбайлас жемқорлыққа нәтиже тәзімділік қағидатын ұстанады. Осы орайда қауіпсіздік қызметінің мамандарымен бұзушылықтарды ашуда ауқымды жұмыс атқарылады.

Жалпы, «Азаматтарға арналған үкімет» құқық қорғау органдарымен өзара тығыз байланыста және анықталған құқыққа қарсы іс-қимылдар туралы барлық фактілер дереу қарастыруға жіберілетінін атап өткен жөн.

Қазіргі уақытта «Азаматтарға арналған үкімет» пен ҚР ҚМА арасында бірлескен меморандум әзірленуде. Ол көлік құралдарын мамандандырылған ХҚКО-ларда заңсыз тіркеуге қарсы күрес жүргізу барысында тараптардың ынтымақтастығын нығайтуға және күш-жігерін үйлестіруге бағытталған.

Сонымен қатар, 2023 жылдың 16 қазанынан бастап сыбайлас жемқорлықтың құрамдас бөліктерін азайту үшін мемлекеттік



Суретші: Л.ҚАЖЫБАЙ

корпорация жүргізуші куәлігін алу үшін тапсырылатын емтихандардың өткізу тәртібін қатаңдауға мүмкіндік беретін 3.0 ЖЖЕ жүйесін енгізген болатын.

Өз тілшімізден

Тасқа таңбаланған ауыл тынысы

«Ауыл» партиясының Қарағанды облысы бойынша өңірлік филиалы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің көрме залында «Ауыл накыштары» атты фотокөрме өткізді. Республиканың дәстүрлі фотобайқау «Ауыл» партиясының бастамасымен 2018 жылдан бері бүгінге дейін жалғасын келеді.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сонау 2018 жылдан бастау алған конкурста 300-ден астам кәсіби және әуесқой фотографтар қатысып, 1000-нан астам фотосурет ұсынылды. Көрменің көздегені – ауылдың маңызын айқындау, ауыл шаруаларының еңбегін насихаттау.

Таза табиғи өнімнің барлығы ауылдан келетіні мәлім. Қаладағы халықты асырап отырған ауыл десем, жаңылмаспын. Күнделікті сүт, қаймақ, ірімшіктің өзіне дүкен сөресіндегіге қанағаттанбай көлдікім іздейміз. Ауыл өмірі қызық. Осы қала тұрғындарының көбі ауылда болмаған да шығар. Ондағы тыныс-тіршілікті, күн-

делікті тірліктен бейхабар. Қарап отырсаңыз, қаладағы еңбек уақыты таңертеңгі 9:00-ден кешкі 18:00-ге дейін, ал, ауылда – тәулігіне 24 сағат жұмыс. Әрине, ол сондықтан ауыл. Міне, сол ауылдың тұрмысын ел ортасына шығару, оны өзгелерге таныту – басты мақсат. Сайып келгенде, шетелдіктерді тек салтымыз арқылы, байырғы қалпымыз арқылы ғана таң қалдыра аламыз. Ал, ол үшін ауыл тұрмысы туралы деректер көп болуы керек. Көрмедегі суреттер өзі-ақ сайрап береді, – дейді «Ауыл» партиясының облыс бой-

ынша өңірлік филиалының төрағасы, академик, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Серғазы Әдекенов.

Әрине, ауыл тірлігі қай қазақтың болмасын, көңіліне жылу ұялатады анық. Көрмедегі әр сурет сөйлеп тұрғандай. Көктемгі сақманның төлін өргізген шопан, егістікке қамданып жер жыртқан дикан, ат жаратып әбігерге түскен атбегі, сиыр сауып, күрт қайнатқан ауыл келіні осының барлығының түпкі негізі – ауыл екенін көрме айқындап тұр.

Біздің еліміз – салтқа бай. Тіпті, түбіміз қазақ болсақ та, әр ауылдың ерекше салты бар. Оны біреу білсе, біреу білмейді. Мына фотосуреттерге қарап, ауылдағы қарашаңырақ еске түсті. Сары самаурыны иығынан дем алып, келіні сиыр сауған ауыл тірлігі еріксіз ойға шомдырады. Баріміздің түпкі тамырымыз – ауылда. Кейінде тіпті, қалада өскен жастардың өзін ауыл тынысы қызықтырып, онда барып тұрмаса да, тұрмыс-тіршілігіне қызығушылық танытуда. Бұл да бір ауылдың танылуына қосылған үлес деп ойлаймын, – дейді Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің филология факультеті деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Нұртілеу Сиязбаев.

Оның үстіне, қоғамдық еңбек-



тің бел ортасында жүрген ауыл азаматтарының еңбегі кімді де болсын, бей-жай қалдырмасы хақ. Қазақстан халқының дәстүрін, тұрмысын, туған өлкенің келбеті мен ауыл тұрғындарының өмірін бейнеленіп, іріктеуден өткен 50-ден астам сурет қойылған көрме көркі келушілермен қыза түсті. Атап айтсақ, «Ауыл» партиясынан

сайланған мәслихат депутаттары, мәдениет қызметкерлері мен колледж студенттері келіп жатты. Көрмедегі туындыларда сиыр сауған ауыл келіні, ат суарған бозбала, күрт пен ірімшік қайнатқан жеке бейнелері көзге оттай басылады.

Суреттерді түсірген Жанғелді ӘБДІҒАЛЫМ



Ауыл накыштары



Жаза күшейтілді, жаза басу тыйыла ма?

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдер құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды. Оған сәйкес, әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың кез келген көрінісі үшін жауапкершілік күшейтіліп, отбасы институтын, кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігін нығайтуға арналған нормалар енгізіледі.



Сурет шаяқ. Корекованы

Салтанат ІЛІЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бұдан былай отбасында зорлық-зомбылыққа жол бергендер Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің «Отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер» делінетін 73-бабы бойынша жазаланбайды. Зорлықты таратқандың кезінде қылмыстық құрамның болуына байланысты тергеп-тексеру органы мұндай іс-әрекетті Қылмыстық кодексе бойынша сарапалап, сотқа жібереді.

Жергілікті полиция қызметі басқармасының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлінісінің аға инспекторы, полиция подполковнигі Гулбану Сәтпаева-Алпысбаева. Заң күшіне енгенде денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіргені және ұрып-соққаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Қасақана ауырлығы орташа және денсаулығына ауыр зиян келтіргені үшін жауаптылық күшейтілді. Яғни, сол мұндай қылмыс үшін 3 жылдан 8 жылға дейін бас бостандығынан айырылады. Одан бөлек, заңда неке және отбасы, әке болу, ана мен бала институтын нығайтуға негізделген неке-отбасы заңнамасының жаңа қағидаттары, сондай-ақ жалпақадамзаттық, ұлттық дәстүрлі, мәдени және отбасылық құндылықтарды құрметтеу рухында балалардың адамгершілік және рухани тәрбиесін қамтамасыз ету қағидаты көзделген.

Тағы бір айта кетерлігі, мемлекеттік

Президент тапсырмасын орындай отырып...



Президент тапсырмасын орындай отырып...

орғандар отбасы, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасап қана қоймай, азаматтардың өтініштерін қарау қорытындылары бойынша қабылданған шаралар туралы ақпарат беру міндеті енгізіледі.

Жаңа заңда тұрмыстағы зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету үшін отбасын қолдау орталықтарын құру және олардың жұмыс істеуі мәселелері заңнамалық түрде бекітілгенін де айту керек. Өз-өзіне қол жұмсауға итермелеу және жәрдемдесу, сондай-ақ өз-өзіне қол жұмсауды насихаттау үшін де енді қылмыстық жауапкершілік қарастырылған.

Заң бойынша кәмілет жасына толмағандарға жыныстық сипаттағы әрекеттер жасағаны үшін де жауапкершілік күшейтіледі. Егер бұған дейін педофилия үшін қылмыстық кодекстің 121-бабы, яғни, сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері үшін 20 жылға дейін бас бостандығынан айыру түріндегі жаза қолданылса, бұдан былай, өмір бойы бас бостандығынан айырылады. Жас баланы өлтіргені үшін де дәл солай.

Одан бөлек, кәмілетке толмаған баланы ұрлағаны және заңсыз бас бостандығынан айырығаны үшін де жаза айтарлықтай күшейтілді. Жаңа заңда баланы қорқыту, кибербуллинг үшін де жаза қарастырылған. Кәмілетке толмаған баланы алғаш рет қорқытсаңыз, алдымен Әкімшілік кодексе бойынша жаза аласыз, қайталанар болса, ол – қылмыс.

Ал, білім беру ұйымдары кәмілетке толмағандар жасаған немесе оларға қатысты жасалған құқыққа қайшы әрекеттер жасағаны туралы құқық қорғау органдарына дереу хабарлауға міндетті.

Жаңа заңда 16 жасқа дейінгі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында оларда жолақысы болмаған кезде оларды қоғамдық көліктен мәжбүрлеп түсіруге тыйым салынғанын да айту керек.

• КӘСІПКЕРЛІК

Әке аманаты

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің нарығында белсенді жұмыс істеп жатқан табысты бизнес өкілдерін қолдауды тапсырған еді. «Оларға қолдау көрсету қажет. Сол арқылы олардың өндіріс қабілетін арттырып, өнім көлемін екі-үш есе көбейту қажет» деп атап өтті. Облыс аумағында ерінбей еңбек етіп, кәсіптерін дөңгелетіп отырғандар баршылық. Осы орайда адал еңбегінің арқасында Ақадыр кентінде наубайхана өндірісін жолға қойған Алмаз Аманкелдіұлы Аринов деп ауыз толтырып айтуға болады.



Осы Ақадыр кентінде дүниеге келсе де, екі жасқа толғанда әкесі Аманкелді Алпысбекұлы ауданға қарасты Ортау ауылына қоныс аударды. Ол жерге барып тұтынушылар қоғамының қарапайым автодүкенішісі, анасы Күләш Мұқатайқызы ауыл дүкенішісі болып орналасады.

Алмаз Аманкелдіұлы бала кезінен техникаға жақын болып, бала күнінен автокөлік жүргізушісі болсам деп армандап жүреді екен. Ортау ауылының мектебін тәмамдаған жылы сол мақсатына жетіп, әкесінің жанында автодүкен жүргізушісі болып еңбекке араласа бастайды. Кейіннен «Ортау» кентінде су таситын көліктің жүргізушісі болады.

Арасында құрдастарымен қатар әскери борышы да өтеп қайтады. Орманды далада орналасқан Ресей Федерациясының Тамбов қаласында да тағдыр екі жыл бойы әскери көліктің жүргізушісі болуын бұйырады.

1993 жылы әкесі Ортау ауылындағы тұтынушылар қоғамы сауда орнының бастығы болып тағайындалады. Әскерден келген жас жігіт әкесіне көмекші болуға бел буады. Сол кезде отау иесі болып үлгерген жігіт жұмысқа білегін сыбана кірісіп кетеді. Автодүкенішінің жұмысы шалғайда жатқан қыстақтарға, жайлауларға барып ауыл тұрғындарына, қойшы қауымға, жылқышыларға қызмет көрсету, азық-түлігін, басқа да керек-жарақ заттарын жеткізіп беру болып табылады. Бұл жерде ол халықтың көңілінен шыға біледі.

1995 жылы әкесінің бастамасымен екеуі Целиноград қаласының құю-механикалық зауытына барып, үлкен нан пісіретін пеш әкеледі. Оны Ортау ауылына қойып, нан тағамдарын шығарумен айналыса бастайды. Бастапқы кезде жай ғана бөлме нанын пісіре бастаған наубайхана біртіндеп, бірінші мен екінші сұрыпты нан өнімдерін шығара бастайды. Кейіннен «Сайка» түрін де тұтынушыларға ұсынады. Өнім көбейген сайын оның өтімі де жақсы болу керек. Алақанды ауылда наубайхананың шығарған өнімі көп өтпейді. Енді артық өнімді күнделікті 40 шақырым жердегі аудан орталығы – Ақадыр кентінің ашық базарына әкеліп сата бастайды. Бас кезінде 200-300 бөлме нан өткізіп жүрсе, кейіннен 500 бөлмеге дейін жеткізеді. Әкесі мен анасының жанында жүріп, бала кезінен сауда-саттықтың қыр-сырын менгерген Алмаз үшін бұл шаруа қиынға соқпады.

Әрине, жалғыз адам кәсібін толыққанды жүргізе алмайды. Ондай шаруа ұйымдастырғанда жанында үлкен көмекшінің болуы керек. Бұл жерде Алмаздың өмірлік жұбайы Назгүл Кеңесбайқызы Нұрмағанбетованың еңбегі орасан зор. Жастайынан шаруаға епті жас келіншек нан тағамдарын пісіруде, жұмыс атқаратын көмекші мамандарын таңдауда, олардың жұмысын қадағалауда таптырмайтын адам екенін әрдайым дәлелдеуде. Оның үстіне ақыл-кеңесін айтып отыратын Алмаздың анасы, Назгүлдің енесі, марқұм болған Күләш Мұқатайқызын қосып қойыңыздар.

Бірнеше жылдан кейін әкесінің сырқаты сыр бере бастайды. Бір күні баласы Алмазды оңаша шақырып алып:

– Балам, менің сырқатым бел алып бара жатыр. Мына кәсіпті әбден үйреніп, дөңгелетіп отырсың. Менің ақылымды тыңдасан, Ақадырға осы пешті көшіріп апарып, сол жаққа кәсібінді жалғастыра бер. Адал еңбегімен елге де абыройлы боласың, бала-шағаңды да қиналмай өсіресің, – деп ақылын берген.

Ерлі-зайыптар әкелерін жерлеген соң, ауылдағы наубайхананы Ақадырға көшіріп әкеледі. Бас кезінде Мәдениет

үйінің екі бөлмесін, екі жылдан кейін кенттік қонақ үйінің бөлмелерін жалға алады. Ол уақытта аудандық тұтынушылар қоғамының «Достық» атты үлкен наубайханасы бар, сол себептен бәсекелестік те жоғары болды. Дегенмен зайыбы Назгүл жаңашылдық танытып, халықтың күнделікті тұтыныатын нан түрлерінен басқа әртүрлі дәмдегі және форматтағы нан өнімдерін шығара бастайды. Бара-бара кәсіптері алға басып, жеке ғимаратымыз болса екен деген мақсатты алдарына қояды. Оны орындау үшін жинаған қорларды да пайда бола бастаған.

2014 жылы жер телімін алып, екі жыл ішінде жаңа наубайхана ғимаратын салып бітіреді. Жаңа наубайхана болған соң, жаңа қондырғылар мен жаңа жабдықтар керек. Бұрынғы пеші қанша мықты болғанымен тозығы әбден жеткен және өнімділігі төмен. Қазіргі уақыттағы қондырғылармен бәсекеге түсе алмайды.

Осы жерде кәсіпкерлерге көмекке «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» акционерлік қоғамы келді. Оның алдында Назгүл Кеңесбайқызы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік негіздерін оқып, арнайы сертификатты алып шыққан еді. Бұл дегеніңіз – кәсібіңізді дамыту үшін мемлекеттен жеңілдетілген несиеге қол жеткізу.

Алынған сертификат өз жемісін берді. Салынған ғимарат кепілдікке қойылып, аталған қордан 7 миллион теңге несие алынды. Ол несиеге «KazEuroTeh» өндірістік компаниясы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен Иран елі шығарған нан өнімдерін дайындайтын қондырғылар мен жабдықтар алынды. Оның құрамында ротациялық пеш, қамыр араластырғыш, пеш арбалары, бу шкафы, кондитер парактары, металды стол кірді.

Заманауи қондырғылардың арқасында өнім шығарудың ауқымы да кеңейіп түсті. Назгүл Кеңесбайқызы наубайхана жұмысы туралы әңгіме қозғап:

– Бүгінгі күнге наубайхана бірінші және екінші сұрыпты бөлме нандарын, батон, тоқаш, хот-дог, домалақ нан түрлерін шығарады. Оның тұтынушылары Ә.Ермеков атындағы жалпы орта білім беру тірек мектебі, мектеп-интернаты, «Нұршауық» балабақша-бөбекжайы, кент ішіндегі 35 азық-түлік дүкендері. Халық шығарған өнімдерімізді жақсы алады, сапасы жағынан шағым болып көрген емес, – деп сөзін аяқтады.

Наубайханада 8 жұмыс орны ашылған. Алты адам ауысыммен жұмыс жасап отырса, екі адам резервте тұрады.

Жеке кәсіпкерлер кент тұрғындарына қайырымдылық көрсетуі ұмытпайды. Әрбір жұма күні 150 бөлме нан жағдайы төмен отбасыларына тегін беріліп отырады. Қайырымдылық шаралар Рамазан айында да жалғасын табуда. Жақын арада әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған Ақадыр кентіндегі 10 отбасыға, Ортау ауылындағы 2 отбасыға бірінші кезектегі азық-түлік сепеті таратылған. Онымен қоса мерекелер сайын елдімекендегі мәдени және спорттық шараларға ақшалай демеушілік көмек жасалып отырады.

Елдің еңбекпен көркейетінін ескерсек, еңбек адамның қоғамда қашанда орны ерекше, абыройы биік. Әкенің жолын жалғастырып, айтқан аманатын орындап жүрген Ариновтар отбасы осындай!

Ендеше, оларға алдағы уақытта да жемісті еңбек, толағай табыс, бақуатты өмір тілейік.

Қалижан БЕКҚОЖА
Сурет автордан

Жылу жүйелері жаңғыртылады

Өткен жылы Петропавл және Екібастұз қалаларының жылу орталықтарында болған апатты жағдайлар елді дүрліктіріп, қаншама әуре-сарсаңға салғаны белгілі. Бұл мәселеге Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев та ерекше назар аударып, биылдың өзінде бір емес, бірнеше рет айтты.



Ержан ИМАШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бірінде ол республикалық «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында «Өңірлердегі жылу орталықтары мен басқа да құрал-жабдықтардың 80 пайызы әбден тозған. ...Қазір жылу жүйелері әрең жұмыс істеп тұр. Үкімет пен әкімдіктер батыл қимылдап, қажетті шараларды дереу қолға алу керек» десе, ал, осы Наурыз айында өткен Ұлттық Құрылтайдың үшінші отырысында сөйлеген сөзінде «Ең алдымен, қазір жұмыс істеп тұрған 55 жылу орталығын толығымен жөндеу қажет. Ұзындығы кемінде 6,5 мың шақырым болатын инженерлік жүйелерді жаңғырту керек» деп, нақты міндеттер қойған болатын.

Биыл қысы алты айға созылатын Арқа өңіріндегі Қарағанды қаласында мұндай апатты жағдайлар болмай, тұрғындар қыстан қысылмай шықты. Десек те, наурыз айында қаланың Гоголь, Ленин және Назарбаев (бұрынғы Бейбітшілік бульвары) көшелерін көлкіген су алып кетіп, екі күн бойы елдің есін шығарғаны бар. Әйтеуір,

құдық шұңқырынан басталған бұл қатер тез арада ауыздықталып, беті қайтарылған. Бұл жанталас сәтінде кеншілер астанасындағы «ЖылуТранзитҚарағанды» ЖШС ұжымы қатты қажыр-қайрат көрсеткенін айтқан ләзім. Әсіресе, аталған серіктестікке қарасты Механикаландыру және көлік қызметі адамдарының апат салдарын жоюдағы қимылы ересен болды. Оны серіктестіктің жұмысына жан беріп тұрған жұлын жүйесі мен құретамыры деуге де болады. Мұнда онсыз бірде-бір шаруа бітпейді. Өйткені, осы қызметтің адамдары қаланы жылумен қамтамасыз етудің қашанда алдыңғы шебінде жүреді. Олар құбырларды дөңкерлеп, орағаннан басқа шаруалардың бәрін атқарады. Яғни, ор қазып, суын сорып, құбырларды тиісті жеріне жеткізіп, кранмен көтеріп, орнына қойып, олар төселіп болған соң қазылған топырағын тасып әкетіп, асфальтін тегістеп, жып-жылмағай етіп кетеді. Қайда ақау анықталса, бірінші болып баратын да – солар.

Бұл жылу орталығындағы Механикаландыру және көлік қызметін 13 жылдан бері өз

Президент тапсырмасын орындай отырып...



Президент тапсырмасын орындай отырып...

ісінің білікті маманы Бейбіт Жағалтайұлы Түсіпов үзбей басқарып келеді. Қырықтың бел ортасындағы жігіт ағасы екі бірдей жоғары оқу орнын – Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің экономика (1997 ж.) және Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің жол қозғалысын ұйымдастыру мен көлікке қызмет көрсету (2018 ж.) факультеттерін бітірген. Еңбек жолын жүргізушіліктен бастап, осында жөндеу қызметінің шебері, одан кейін бастығы болып істеген оның тәжірибесі мол.

– Бүгінде біздің Механикаландыру және көлік қызметі саласында 140 адам еңбек етеді, – дейді Бейбіт Жағалтайұлы. – Оларға жеңіл көліктер бастап, ауыр жүк машиналарына дейін 114 техника бекітіліп берілген. Бұлардың арасында қызметтік жеңіл көліктер, «Газельдер», крандар, жүк көтергіш, су сорғыш, асфальт кескіш машиналар мен экскаваторлар, бульдозерлер, тіпті тралға дейін бар. Қазір солардың 98 пайызы әзірлік күйіне келтіріліп, тек 2 техника ғана жөндеу үстінде. Енді жақында қысқы жылыту маусымы аяқталып, жылу тораптарында гидравликалық сынақтар өткізілгеннен кейін қауырт жұмыстар басталады.

Оның айтуына қарағанда, былтыр Қарағанды қаласы бойынша жылу тораптарының 16 шақырымы жаңғыртылып, ауыстырылса, биыл да жұмыс көлемі сол мөлшерде белгіленіпті. Ал, оған бұлардың дайындығы сақдай сай. Төрт бокста қаз-қатар тізілген техникалар жұтынып-ақ тұр. Жүргізушілер мен жұмысшылардың әрқайсы өз міндеттерін жақсы біліп, тапсырылған істі жауапкершілікпен орындайды екен. Себебі, бұл жерде олардың алаңсыз жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдайдың бәрі жасалған. Асханалары, киініп-шешінетін орындары, жуынып-шайынатын душы мен моншасы қай кезде де дайын. Бұдан бөлек, Бейбіт өзі келгені автожуу орны мен жөндеу, мотор цехтарын ашқан. Олардың орташа айлық жалақысы 250-300 мың теңгенің мөлшерінде. Ендеше білекті сыбанып, іске кіріскеннен басқа жоқ...

– Сондықтан қарағандылықтар алдағы қыстың қиындығына қам жемейіте болады. Сол үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймыз, – деді Бейбіт Түсіпов бізді шығарып салып тұрып.

ҚАРАҒАНДЫ

Сурет ұйымдастырушылардан

• ЗАМАНДАС ЖАЙЛЫ ӘҢГІМЕ

Туған жерінің темірқазығы

Мәшһүр-Жүсіп Кепейұлы «Абылай мен Жарылғап» деген жазбасында: «Көкшетауда қырық сегіз жыл хандық құрған Абылай хан алпыс кісі жолдаспен бір жо-рыққа бара жатып, жазғытұрым Баянауыл тауына түспені: есіз екен, ел жоқ екен. Түнде аш жа-тыпты, таң атқан соң: – Алдымызда тамактанарлық жерде ел бар ма? – деп сұрапты. Бір Керейіт жігіт: – Алдымызда Ағысы-Қудың Қуында, Қызылшілік деген жер-де Қаракесек-Жарылғап бар, – депті...» Сөйтіп нағашысының ауылына алып келті.

«...Жарылғаптың әдет ісі екен: «Өлім болжалсыз, келім болжал-сыз» деген. Мейман қонақ: «Мен бүгін пәленшенікіне барамын» – деп, хабар салып келмейді. Күндіз келіп қала ма, түнде келіп қала ма? – деп, үй ішіне төсеніш төсетіп, құда-күйеу келетұғын үйдей қылып қояды екен. Маңқан деген бәйбішесі бар екен. Қаздауысты Қазыбектің баласының отауына түсіп, той болып, тойға кеткен екен. Жоламан, Тастемір, Аты-бай, Кенжебай деген төрт баласы бар екен. Екеуі жылқыда, екеуі қысыр сауғалы кеткен екен. Үйде Жарылғаптың жалғыз өз басынан басқа жан жоқ екен. Төсегінің үстінде ірге жаққа қарап жатыр екен. Бір уақытта үйге хабарлау үшін жиен сәлем беріп кіріп келді. – Бұ қайсың? – дейді. – Мен – жиен Керейіт пәлен-шемін, – дейді. – Не қыл дейсің? – дейді. – Үй сыртында алпыс қосшы-сымен Абылай хан түсіп жатыр, – дейді. Жарылғап семіздіктен біреу қолынан тартып көтермелесе, өз бетімен олай-бұлай аунап жата алмайды екен: – Кел, жиен, қолымнан тарт-шы, – дейді. Басын көтеріп, төсе-гінің үстіне орнығып отырды. – Бар, меймандарды үйге кіргі-зе бер, – дейді. Абылай хан кіріп келгенде: – Ассалаумағалайқум, алдияр, бар әлім, жоқ жайым – осы, – дей-ді. – Бұл кісілердің отызына мына сабадан қымз құй, отызына ана сабадан құрт құй, – дейді (жиен-ге).

Ауылға кісі түскенін көріп, жылқыда жүрген екі бала да келді, биеде жүрген екі бала да келді. Төр-теуінен басқа топыраған жан жоқ. Және өздері әдемі киінген екен. Тай-жақы орнына кінгендері – кара құн-дыз. Жалшылар малайлар сықылды қайыс жіп, шу буынып жүрген жоқ. Буындары – шымжикақ күдері белбеу (белбау). Қызметі – құл сықылды, киім формы, кескін-түрі – үл сықылды. Сонда сүйсінгеннен Абылай хан айтқан екен: – Жарылғапым, ұлға да жа-рыған екенсің, құлға да жарыған екенсің! – депті. Сөйтіп отырғанның үстінде Маңқан бәйбіше келіп қалыпты... Байпаңдап келіп, Жарылғаптың төменгі жағына, төсек үстіне оты-рағанда, екеуі екі шоқыдай жарас-тықты болыпты. – Бұл кісілер сусындалы ма? – депті. – Бар қымыз бен құртты бердік, – депті. – Жүктің артында сүйретпеле байдың сыбаға асы – түнемелі тұр еді. Балалар, алшы, – депті. Алып, тегенеге құйып сапырған екен, алпысына түгел жетіпті. Бәйбіше байына: – Неге мал алдырмадыңыз? – депті. – «Пәлен жерде табысайы-ық» деген батырлары бар екен, асығып, мал сойдыруға қарамады, – деген соң, бәйбіше: – Ұрғашының асыққанды ал-дап жөнелту үшін даяр сый асы болады ғой, – деп, отызына та-бакқа салып екеуара жент қойып-ты... «Бұзаутайыншаңың қары-нына салынған бір қарын жентті ортасына қаж жапыр, ханның қоржынына салғызды дейді. Жылқыға не бақташы болған баласы Тастемір екен, Жарылғап: – Тастеміржан, «Хан деген – жұрттың қазығы, қараша – оның азығы» деген. Мына жылқы бұлардың жолының үстінде жатыр ғой. Ханды ортасына түсір де, қас-сындағы төлегіттерінің ұнатқан, «мінуге жарайды» дегенін ұста.

«Сойысқа жарайды» деген биенің семізін ұста, «құтым кетеді, сүтім кетеді» деме. Өздері: «Болды, енді кой!» – дегенде кой, – деп, ханды шығарып салуға Тастемірді ко-сты.

Жылқының ортасына хан ба-рып түсті. Тастемір шатырлатып, төлегіттердің таңдаған, қалаған атын, биесін ұстап беріп жатыр.

Сонда Абылай хан қасындағы отырғандарға сөйледі: – Мен бағана «Жарылғап бар» дегенде, «Қай Жарылғап?» – дегенім, бұл Қаракесекте Қар-сұн-Керней Жарылғап болушы еді. Оны жұрт: «Ер Жарылғап, батыр Жарылғап, бай Жарылғап, би Жарылғап» деп қай түрлі атпен ата-са да, толық болған жан еді. Бұл Жа-рылғапты: «Тілеуке-Бергістің Тіле-уесінің баласы – Шақабай-Жа-рылғаптың Жарылғабы, ұры Жарылғап», – деуші еді. Халық та қаңғып сөйлей береді екен. Бұл ұры болса, жылқы, түйе, кой, сиырды ұрлап алған шығар. Ана бәйбішені ұрлап алған жоқ кой! Ұрлап алса, жанды кісі бұған сіңіртпін қоя ма? Мына төрт баланы ешкімен ұр-лап алған жоқ кой! Бір төрт күшік кімнен тұмайды?! Бірінен-бірі өтіп туған, туысы бөлек жандар ғой! Мынау өзі Құдай жарылқап кой-ған шын Жарылғап екен! – депті» (Көпейұлы М.Ж., Шығармалары. – Алматы, «Ел-шежіре», 2009. 9 том. 83-85 беттер).

Абылай хан таңдай қаққан Жа-рылғаптың кіндігінен қазақ халқы-ның игілігі үшін қызмет еткен тұлғалар тарайды. Мысалы, атақты Балта, Айтбай ақындар, меценат Қасен Ақайұлы, әйгілі әншілер Ғаббас Айтбаев пен Қуан Леке-ров, Қазақстан Халық комиссар-лары кеңесінің төрағасы Нығмет Нұрмақов, көптеген ғалымдар, өнерпаздар, архитекторлар, жур-налистер мен спортшылар, басқа да саланың хас мамандары Жа-рылғап атанып ұрпақтары. Біздің бүгінгі кейіпкеріміздің бойында да осы бабаның бір тамшы қаны бар.

Амантай Дәуіпбайұлы әлгінде аталған Ағыс-Қудын (көне түрік тілінде Сегіз Биік деген мағына береді екен) бауырындағы Егін-дібұлақ ауылында 1954 жылдың наурызында жарық дүние есігін ашыпты. Әкесі Дәуіпбай Асыл-беков ІІ Дүниежүзілік соғысқа қатысқан ардагер. Майдан дала-сынан ауыр жарақат алып елге оралған соң аудандық аурухан-наның қосалқы шаруашылығын басқарыпты. Ол кезде өз қажеттігі үшін аурухана сиыр мен жылқы ұстаған көрінеді. Анасы Мағазова Шорбан үй шаруасымен, үйел-мелі-сүйелмелі сегіз баланың тәр-биесімен айналысқан екен.

Егіндібұлақтағы №1 қазақ орта мектебін бітіргеннен кейін Қарағанды педагогика институты-ның көркемсурет факультетін тә-мамдап, осындағы мектеп-интер-натта пән мұғалімі болып еңбек жолын бастады. Кейіпкеріміздің педагогика мамандығын таңдауы-на үлкен ағасы, алғашқы мұғалімі Төкен ақсақалдың ықпалы үлкен болғаны хақ. Ұстаздықты жер бетіндегі ең ұлы кәсіп деп түсіген ардақты аға бұл қызмет туыстары-на да, балаларына да жұғысты бо-луына әсер етті. Үлкен мәдениет иесінен көп жақсы қасиет үйрен-ді, өмірде сол кісі тәрзіді болуға тырысты.

Көп ұзамай осы аудан орта-лығындағы кәсіптік-техникалық училищеге комсомол ұйымы хатшылығына сайлануы – Аман-тайдың өміріндегі бетбұрыс кезең-нің бастауы. Училищеде оқи-тындар мектептің балалары емес, басым көпшілігі жүргізуші, ме-ханизатор мамандығын меңгеріп, еңбекке, үлкен өмірге араласуға құлшынып келсе, араларында отбасының орта мектеп педагог-тарының тәрбиесіне көнбеген, яки оқу бағдарламасын меңгере алмаған басбұзрлар да кездесіп қалады. Оларды қақпайлап, са-насына сауле түсіру, өзіне де, қоғамға да пайда әкелетін азамат-тар санатына қосу – училищеге ді оқытушылармен қатар қоғамдық ұйымдардың, алдымен комсомол ұйымының міндеті. Амантайдың мінез-құлқы, тәрбиесі әр түрлі адамдармен тіл табысуы, жұмыс істеуі үшін үлкен сынақ алаңы болған – осы кәсіптік-техникалық оқу орны.

Жасөспірімдермен қоян-қол-тық араласып, адамдар психоло-гиясын тану, ұйымдастырушылық қабілетін көрсеткен жігіт ұзамай Егіндібұлақ аудандық партия комитетінің нұсқаушысы қызметіне шақырылды. Кеңестік дәуірдегі кадр саясатының ерекшелігі – «талағының биті бар» кез келген жасқа бірдей мүмкіндік берілетін еді: жергілікті биліктің жоғары сатысына жақындаған жан өзін жақсы қырынан көрсете алса, ал-дынан ақ жол ашылады. Ол үшін облыс пен республикадағы кө-кенің беделі де, қалтаның қалың болуы да қажет емес-ті. Аупарт-комның нұсқаушысы бола жүріп, Амантай коммунистік идеология ұстанған принциптермен, ел және



өмір тұрғындарының саяси-эко-номикалық, әлеуметтік жағдайла-рымен етене танысты. Теориялық білімін тәжірибемен ұштады. Орталықтардан шалғайдағы, аграрлық саланың егіншілігінен гөрі мал шаруашылығы басым өңірдің тұрғындары өркениет игіліктерінен аулақтат жатқанын, мұнда жаспай даму кемшін екен-дігін, жекелеген адамдар ерекше талабы мен жан кинайтын еңбе-гінің нәтижесінде ғана табыса жететінін жете түсінді. Ауылдың жігі жазылмайтын науқандық жұмыстарына араласа жүріп, аға ұрпақтың баяу жылжитын тір-шілігін, одан да шабан өзгеретін көзқарасын жақсы таныды. Олар-дың төзімділігіне, өмірге құштар-лығына сүйсінді, талай жақсы қа-сиеттерін қабылдады. Орда бұзар отыздан жаңа асқан шағында, 1986 жылы аудандық партия комитеті Егіндібұлақ аудандық мәдениет бөлімінің менге-рушілігіне баруға ұсыныс жасады. Амантайды осы қызметке тағай-ындауға бұйрық бере отырып, об-лыс мәдениет басқармасының сол кездегі басшысы Р.Омарбекова шалғай ауылдардағы халық, әсіре-се, қыстақтардағы малшылар ру-ханын жүдеушілікке ұшырамауын қатты тапсырғанды. Рымбала Кенжебалақызы міндет жүк-те қана қоймай, мүмкіндігінше көмек берді. Соның нәтижесін-де айналдырған екі-үш жылдың ішінде аудан шаруашылықтары-на 6 автоклуб пен бір библио-тека ашылды. Олар ауыл тұрғындарының рухани мұқтаж-дығын өтеу үшін мүмкіндігінше қызмет көрсетті. Өткен ғасырдың сексенінші жылдары Егіндібұлақ өңірі ба-рынша дамып, экономикалық көрсеткіштері де, мәдени өмірі де жоғары бөлеске көтерілді. Ау-данның Мәдениет үйі жанында Тәттімбет атындағы халық аспап-тары оркестрі, «Балқантау сазы» фольклорлық ансамблі, өнерге жақын ардагер аға-апалардан құралған «Замандастар» хоры белсенді жұмыс істеді. Оларға жетекшілік жасаған талантты тұлғалар Егіндібұлақ ауылы мен оның төңірегіндегі елді мекендер тұрғындарының үлкен жықпалы-на бөлелуде. Аудан таратылған тоқсаншы жылдардың соңында көптеген өнер адамдары тіршілік

қамымен Қарағанды, Астана қала-ларына қоныс аударып, әңгіме бо-лып отырған ұжымдардың қатары селдіреп қалып еді, қазіргі таңда өнерпаз жастардың жаңа буыны өсіп, жетілді. Қасиет қонған топы-рақтан әлі талай талантты ұл-қыз өсіп шығатыны хақ. Үлкен ұжымды басқарып, ұй-ымдастырушылық қабілетімен та-нылған Амантай бірер жылдан соң аудандық партия комитетінің хат-шысы қызметіне тағайындалып, өңірдің идеологиялық жұмыста-рына жетекшілік жасады. Көп ұза-май халық депутаттары аудандық кеңесі төрағасының орынбасары болып ауысты. Кеңестік билік жүйесі құлап, әкімшілік бөліні-стерді басқарудың жаңа құрылы-

автомашинаның капотына салып апарған күндер еске түскенде Амантайдың бойы қазір де қалты-рап кетеді. Ауыл көшелерін осын-дағы жүруге жарамды жалғыз-ақ ЮМЗ экскаваторының қалағымен тазалайтын еді. Егіндібұлақ ауылының әкімі болып қызмет атқарған жылдарын Амантай әке аманатын ақтаған кезеңіне балайды. Өйткені, 1928 жылы Қу ауданы құрылып, Ресей-ден қоныс аударушылардың Хле-бородное қонысының орнына жаңа әкімшілік орталық салынғанда мұндағы қос қабатты ғимараттар-ды қолымен қалағандардың қатарында кейіпкеріміздің әкесі Дәуіп-бай ақсақал да болған дүр. Ол жеті жыл ауылдың әкімі лауазымында еңбек етіп, кейін әкім аппараты-ның бөлім басшысы қызметінен зейнеткерлікке шықты. Дегенмен, әлі де ауылдың қоғамдық-мәдени өміріне белсене араласады. Қазіргі таңда аудандық қоғамдық кеңестің белсенді мүшесі.

Егіндібұлақ ауылының бас-шысы қызметін атқарған жылда-ры кейіпкеріміз Қарқаралы аудан-ның әкімі қызметін атқарған М.Нұрақышев, Н.Омарханов, С.Аймақов, Х.Мақсұтов сияқты азаматтармен тіл табысып еңбек етті. Өңірдің өміріне әрқайсы-сы өзінің қолтаңбасын қалдыр-ды. Амантайдың кейінгі буын басшылары – Э.Дүйсетасев пен Е.Құсайыновқа да ілтипаты ерек-ше. Бұлар жас болса да, біліктілік пен іскерлік қабілеттерін көрсете алды. Жоғарыда аталған ел аға-ларының қай-қайсы да Балқан-таудың баурайындағы елге ерекше көңіл бөлді. Аудандық бюджеттің мардымсыздығына қарамай, мо-ральдық зардап шегіп отырған өңірдің тұрғындарын қолдау үшін қолынан келетін мүмкіндікті жа-сауға тырысты. Ауылдастарына жанашырлықпен қараған басшы-ларға оң ниет білдіру парыз деп біледі ел ағасы.

Амантай қай салада, қандай лауазымда еңбек етсе де, туған жерінің тарихи құндылықтарын құрметтеуді, халқының ғасырлар бойы қалыптасқан рухани мұра-сын келер ұрпаққа жалғастыру-ды әрдайым назарында ұстады. Мысалы, 2009 жылы Егіндібұлақ ауылының іргесі қаланғанына ғасыр толды. Бұл елді мекенді өткен ғасырдың басында Ресей-дің Еуропалық бөлігінен қазақ даласына қоныс аударған қараш-хандар негіздеген еді. Содан бері бұл өңірде халық тарихының қаралы беттеріне айналған талай қанды оқиға өтті. Қазақ шаруала-рының күнөрістік малын тартып алып, аштық нәубетіне ұшырату, пантүркизм, панисламизм желе-зуімен хәм кеңестік экономикаға кесел келтірді деген сылтаумен ұлттың көзі ашық, көкірегі ояу өкілдерін қуғын-сүргінге салу беріше жылға созылды. Кейінгі жылдарға дейін аудандық, кей-ін ауылдағы ішкі істер бөлімінің кеңесі болған ғимараттың жа-нындағы, бұрынғы НКВД абақты-сында ондаған аталарымыз азап-талып, бірсыпырасы оққа ұшып, Қазір шағын гүлзарға (скверь) айналған осы жерге ескерткіш стелла орнатылып, тоталитар-лық биліктің жалған жаласымен қайғылы қазаға ұшырағандардың есімдері мәрмәр тасқа қашалып жазылды. Сондай-ақ, әлемнің ең танымал музыка мамандарын таңағалдырған әйгілі әнші, Қу өңірінің аудан болып қалыптасуы-на ерекше еңбек сіңірген қажыр-лы қайраткер Ғаббас Айтбаевтың Егіндібұлақ ауылындағы ескі ко-рымында елеусіз қалған зираты жөн-деуден өткізіліп, көрнекті құлпы-тас ескерткіш қойылды. Қу болысын ұзақ жыл басқарған қоғам қайраткері, өңір-ге шаруашылық жүргізудің жаңа-лықтарын әкелген озық ойлы ақсақал, ағартушы, «Алашорда» үкіметінің тілеулесі, меценат, ағартушы Қасен Ақайұлының туғанына 160 жыл толуына орай ауылдағы өзінің есімін иеленген көшенің бойына гүлзар салынып, оның іші мүмкіндігінше абаттан-дырылып, тас тұғырға ескерткіш белгі орнатылды. Осы жұмыс-тардың басы-қасында Амантай Дәуіпбайұлы жүрді ауылдастар-дың еңбегін ұйымдастырып. Таяуда ғана жетпісінші белесін бағындырған оның алдына қойған

мақсатты мұраттары жетерлік. Оның ең бастысы хәм негізгісі – мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан Халық Комиссарлары Кеңесінің төртінші төрағасы, са-яси жалаңың құрбаны Нығмет Нұрмақовтың Егіндібұлақта қой-ылуы белгіленген ескерткішін аяқтап шығу. Қарқаралы бағы-тынан ауылға кіре берісте арнайы алаң әзірленіп, абаттандырылды. Тұғыры дайын. Осы ауылдың тумасы, белгілі мүсінші Мұрат Мансуров әзірлеген ескерткіштің қалыбы да дайын көрінеді. Енді металл қоспасынан ескерткіштің өзін құйып шығу жұмысы кезегін күтіп тұр. Таяу болашақта бір-туар тұлғаның көрнекті бейнесі Балқантаудың баурайына орнайды деген үміт қана емес, сенім бар. Бұл істің Амантай үшін қымбат-тығы – елдің жанашыр азаматта-рынан бастамашы топ құруға, ар-найы қоғамдық қор ашқызға өзі мұрындық болып еді. Биыл Балқантаудың бір топ ұл-қызы жетпіс деген жүйріктің жалына қол артып отыр. 1971 жылы Егіндібұлақтың мектеп-терінен аттестат алып шыққан сыныптас ұл-қыздар арасынан қазір Амантай жақын араласатын Н.Әділбеков, Р.Мұсағалиев, М.Әл-таев, Д.Есімханов, Г.Крамқұлова, Б.Аққесина сияқты дос-құрбала-ры жер басып жүр екен. Көпшілігі туған жерінен аулақта, әкімшілік орталықтар мен өнеркәсіпті қала-шыларға табан тіреп, сол жақта ұр-пақ өсіріп, орнығып қалған жайы бар. Ауданы жабылып, кәсіп із-деген жұрт Қарағанды мен Аста-наға телміріп, балапан – басына, тұрғытмай – тұсына кеткен тоқса-ныншы жылдары Амантайдың да кемінде облыс орталығына көшіп баратындай мүмкіндігі үлкен еді. Бірақ, ол жылы орнын суытпады. Туған жерінің Темірқазығы болып бекіді. Өйткені, ұлы тұлғалардың табаны тиген топырақтың қасиеті-не, елінің ертенісе сенді. Қызмет барысында, өмірдің ойлы-қырлы белесінде ауылдастарына арқа сүйеді. Ересектердің батасын алып, қатарластары мен жастар-дан қолдау тапты. «Мен жастарға сенемін!» – деп Мағжан атасы ай-тқандай, Амантай Балқантаудың жас жайнақтарына сенеді. Олар-дың өресі біліктігін, туған жеріне, еліне қызмет етсем деген ниеті адал екеніне көз жеткізіп келеді. Зайыбы Күләш Сейітжанқызы шын мәніде өмірлік серігі бола бұлды. Аудандық ауруханада мед-бике болып қызмет атқарып, сол жерден зейнеткерлікке шықты. Бұлардың жарастығынан жарық дүниеге өмірлік отырған кәсіпкер. Екінші ұлы Біләл Приозерск қала-сында соттың төрағасы қызметін атқарды. Үлкен қызы Айжан нәрестесінің күтіммен қазір-гі сәтте үйінде болса, кіші қызы Әйгерім облыстық зейнетке қоры филиалында бөлім басшысы болып қызмет атқарады. Неме-реңіз үлкені Айғаным АҚШ-тың Нью-Йорк қаласындағы Гамиль-тон университетінде, екінші не-мересі Нұрия Астана қаласында, АІТУ-Астана ІТ Univetsity студен-ті екен. Қалғандары әлі мектеп оқушылары мен балабақша тәрби-еленушілері.

Сонғы кездері Егіндібұлақ тұрғындарының еңсесі көтеріңкі. Себебі, өңірде оң өзгерістер бар. Ауылдағы білім мен тәрбие беру орындары, мәдениет ошақтары, басқа да мекемелердің ғимарат-тары кезең-кезеңімен жөнделуден өткізілуде. Жаңадан салынған спорт кешені кейбір аудан ор-талықтарында да жоқ. Саябақ пен гүлзарлар, балалардың ойын алаңдары салынуа. Осының бәрі кейіпкеріміздің елдің ертеніне зор үміт артуына негіз деп сенім-мен айта аламыз. Туған жердің шынайы патриоты екенін сөзімен емес, ісімен көрсетіп жүрген Амантай Дәуіпбайұлы осындай азамат.

Ермек БАЛТАШУҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер одағы
сыйлығының лауреаты

Егіндібұлақ ауылы



Қасым Ыхметұлы ОРЫНБЕТОВ



Арқа журналистикасы орны толмас ауыр қазаға душар болды. Тағы бір қасиетті қалам қантарылып, тағы қазына кеуде тіршілігін тоқтатты.

КСРО және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, журналистика ардагері, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы, қарымды қаламгер Қасым Ыхметұлы Орынбетов 85 жасқа қараған шағында дүние салды.

Қасым Орынбетов 1940 жылы 10 ақпанда Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Калинин колхозында дүниеге келген.

Еңбек жолын Ақтоғай ауданында мектеп мұғалімі болып бастаған ол өмірінің 40 жылдан астам мерзімін ұлт баспасөзіне арнады. Алғашқы жылдары аудандық комсомол комитетінде, аудандық партия комитетінің үгіт-насихат, ұйымдастыру бөлімдерінде нұсқаушы қызметтерін атқарды.

1970 жылы аудандық партия комитетінің ұйғарымымен Ақтоғай аудандық «Арқа еңбеккері» газетінің бас редакторы болып тағайындалды. Осы қызметте жүрген жылдарын еске алған ақын, Қасым Ыхметұлының шәкірті, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Абзал Бөкен «...Ол кездің дәстүрі бойынша, редактор, орынбасарлар дегеніңіз бас мақаладан әріге баса қоймайтын. Қасекен – осы үрдісті «бұзып», ел тұрмысы, замана ағымы турасында толымды ойларын тобықтай түйін етіп бере білген қаламгер. Кеудесі тұнған тарих, тусыраған шежіре» деп еске алады.

1973 жылы жаңадан құрылған Жезқазған облысының «Жезқазған туы» облыстық газетіне жауапты хатшы болып тағайындалып, бұл қызметті 1975 жылға дейін абыроймен атқарды.

1975-1978 жылдары Жезқазған облыстық «Жезқазған туы» газеттерінің Ақтоғай, Шет аудандарындағы меншікті тілшісі болып, облыс орталығынан шалғай аудандардың экономикалық даму көрсеткіштері мен тыныс-тіршілігі туралы облыс жұртшылығын хабардар етіп, өңірдің өзекті проблемаларын өткір көтерді.

Ал, 1978-1982 жылдары Шет аудандық «Ильич туы» (қазіргі «Шет шұғыласы») газетінде бас редактор болды.

1995-1997 жылдары Ақтоғай аудандық тарихи-өлкетану музейінің директоры болып, аудан та-

рихын қайта зерттеп-зерделеуге көп еңбек сіңірді. Қасым Орынбетов басылық еткен жылдары Ақтоғай музейінің қоры құнды жәдігерлермен толығып, Алаш көсемдері Әліхан Бөкейхан, Әлімхан Ермеков, Жакып Ақбаевтың өмірлеріне қатысты тың деректер жинақталды.

Қарымды қаламгер, көсемсөз шебері Қасым Ыхметұлының өнегелі өмірі мен мінсіз қызметі – бүгінгі жастарға үлгі. Өзі де жас журналистердің ортасында жиі болып, білгенін үйретіп, көргенін әңгімелеп беруге құштар болатын. Ол – Арқа журналистерінің бірнеше буынын тәрбиелеген ұлағаты ұстаз.

Ардақты аға, талантты қаламдастың жарқын бейнесі жүрегімізде мәңгі сақталады. Марқұмның отбасына, ағайын-туыс, жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Қазақстан Журналистер одағы Қарағанды облыстық филиалы және «Сауағда ағрағат» медиахолдингінің ұжымы

Үш күн

Кейде осылай болады. Бұл кісімен үш күн бұрын таныстық. Арқа ақпаратшының абызы. Бір сәулетті сарайда жыр жаңбырына шомылып отыр екен.

Жыр нәсеріне кеудесін тосатындай жөні бар. «Құралалы алған құс та жоқ, Бәйге атында нұсқа жоқ» деп өлең өрген атақты Нарманбет Орманбетұлының ұрпағы. Сыртынан білсек те, алғаш көруіміз. Арнайы барып, сәлем бердік. Қызымен қатар оқығанымызды айттық. Ол әдемі бір кейіпке еніп, ерекше мейірленіп тұрды.

Ертеңіне Мақпалға хабарластық. «Әкем айтады» деген кітабынды берші, оқиық деп едік», – дедік. Кітапты қолға алғанмыз сол еді, жайсыздау хабар жетті. Тұтас бір буынды тәрбиелеген журналистика жампозы Қасым Орынбетов дүние салыпты.

Бар-жоғы үш-ақ күн... Дүниеге келер әлі талай Қасым... Бірақ бұл Қасымның жөні бөлек... Мақпал, бекем бол!

Бауыржан ОМАРҰЛЫ

Қош, Көке!

Шебер кетті өмірден, шешен кетті, Сел басқандай биылғы кешен көкті.

Ағамды алып, алтыңды жағамды алып, Еткенін-ай сұм ажал еш еңбекті.

Бет бұрысың бақиға, қош, ағатай, Жақсына жалғанның дос ағатай. Бізден кетіп барасың.

Енді сізді алдыңыздан мақшарда тосады апай...

Нарманбеттей нар едің түбің ерен, Нарым шөгіп, нарайдым бүгіле мен. «Қасым кетті», – деген сөз қандай қиын, Басым кетіп жатқандай күңіренем.

Көңілмен сені ойлап қирандаған, Тәу етемің өзіңе, иманды адам. Құшағына сыйғызың енді сені, Құшағына өзіңнің сыйған далаң.

Абзал БӨКЕН

Ашық күнде көз жазып қалдық!

Тұрлаусыз өмір кімге опа берген. Міне, алдымызда жүрген, бетке ұстап жүрген ағамыз да кете барды. Осыдан екі күн ғана бұрын ақын Абзал Бөкеннің Кеңшілердің Мәдениет сарайында өткен шығармашылық кешінде бірге болып едік. Сол кештегі бейнесі әлі көз алдымда. Таяғына сүйеніп, қисайып отырған бейнесі қайта-қайта есіме орала береді. Бұрынғы Қасым ағамыз сол калпында, ешқандай ауру-сырқаудың белгісі байқалмаған сияқты еді. Бұл қалай болды екен? Жүрегі неге шыдамай кетті екен?

Қаскен ағамыз Арқа журналистикасының ардагері, оның ішінде, Ақтоғайдың қаламгерлерінің алдындағы беткеуестар бағдаршамы еді. Кезінде Қаскенен қарап ой түзеп, Қаскенен қарап бой түзеп едік. Қаламды қалай ұстауды осы

ағамыздан үйреніп едік. Атақты Нарманбет Орманбетұлының немересі Қасым Ыхметұлының да ақындығы бір төбе болатын. Оны екінші бірі біле бермейді. «Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы» атағын алғанда («Ештен кеш жақсы») қуанғанның бөркін аспанға атқандардың бірі мен едім. Өйткені, Қаскен ағам тұнып тұрған шежіре ғой. Қай уақытта сұрасаң да, Ақтоғайға қатысты қандай сұрақ болса да іркілмей айтып беретін.

Алланың жазуына не шара? Ортамызда, таудай болып төрімізде отырғанымыз өзі қандай еді? Отырған орнының өзі мен үшін бір бөлек еді. Ашық күнде адасып қалдық. Қош, қадірменді Қасым аға! Бақұл бол! Біз өзіңді ұмытпаймыз!

Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ

Арқа баспасөзінің абызы еді

Қаламдас аға, қадірлес азамат Қасым Орынбетовтің қазасы туралы суыт хабар жан дүниемді жабырқатып, алыс күндердің сағынышқа айналған елесін жадыма жаңғыртып сала бергені...

1973 жылы Жезқазған облысы құрылып, ерте көктемде облыстық газет шығару қамына кіріскенбіз. «Жезқазған туы» газетін алғашқы ұйымдастырушылардың қатарында Ақтоғай аудандық «Арқа еңбеккері» газетінің бас редакторлығынан облыстық газеттің жауапты хатшылығына тағайындалған Қасым Орынбетов бар еді. Міне, Қаскен екеуіміз сол сәттен танысып.

Қазақы қалжыңға ұсталығы, сөзге шешендігі, тауып айтар тапқырлығы мені бірден баурап алғанды... Екеуіміз қатты қалжыңдасатын едік. Қатты қалжыңдасатынымыз соншалық, сырт көз бізді жүз шайысып қалар ма екен деп қауіптенеді екен. Бас редакторымыз марқұм Сабыр Сауытбаевтың өзі екеуіміз қалжыңмен қағыса жөнелгенде, қатты абы-

ржып: «Осы екеуің мүйіздісің қала ма деп қорқамын» деп отырушы еді. Ал, біздің қалжыңымызда зіл жоқ. Қаскен үнемі жайдары мінезінен айнымай жүре береді.

Нарманбеттей ұлының ұрпағы ғой, сөзі түйдек, пікірі өткір болатын. Еш уақытта тайсақтап, орағытпай, айтарын тік айтып, кесіп тастайтынына біз бірінші күннен үйреніп алғанбыз. Соның өзінде, жартылай қалжыңмен қағытып, астарлы әзілмен түйреп те жатады.

Осындай дархан көңіл, парасаты биік, білімі терең қаламдасымыздан айырылған екенбіз. Ұлытау, Жезқазған өңірі ардақты ағаның қазасына ортақтасып, Орынбетовтер әулетіне, Мақпал қарындасымыз бастаған ұл-қыздарына қайғыра көңіл айтады. Қош, Қаске! Бақұл бол, қадірлі қаламдас аға!

Батырбек МЫРЗАБЕКОВ

ЖЕЗҚАЗҒАН қаласы

Мәпiш ШӘРiПОВА



сып, көңiл айтамыз.

Мәпiш Шәрiпқызы туралы жарқын естелiк бiздiң жүрегiмiзде мәңгi сақталады.

**Қарағанды облысының білім басқармасы
Қарағанды облысының білім беруді дамыту жөніндегі қоғамдық кеңесі**
№97

Білім саласының ардагері, білім беру ісінің үздігі Мәпiш Шәрiпова апай 97 жасында дүниеден өтті.

Мәпiш апай 1949 жылы Қазақ педагогикалық институтын бітіргеннен кейін Қарағанды қаласына №2 қазақ мектеп-интернатына (қазіргі Н.Нұрмақов атындағы облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты) қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып жұмысқа орналасып, сол мектепте 37 жыл еңбек еткен. Ұстаздық еңбек жолында тәрбиеге, шығармашылыққа аса көп көңiл бөлді.

1985 жылы құрметті демалысқа шыққаннан кейін де шығармашылық және қоғамдық жұмысын жалғастырды. Қарағанды теледидары мен радиосында тәрбиелік мәні зор, патриоттық тақырыптарда 20-дан аса хабарлары түсіріліп, таратылды. 2002, 2005, 2010 жылдары Мәпiш апайдың «Жапырақ жүрек сыбдыры», «Кешкі самал», «Ай сәулесі» кітаптары жарық көрді. Сұлу табиғаттың тылсым сырын ашуға, атақты тұлғалардың өнегелі өмірін дәріптеуге, отбасылық құндылықтарды бағалауға арналған еңбектері мұғалімдер мен оқушылардың, өскелең ұрпақтың сүйікті шығармаларына айналды.

Мәпiш Шәрiпқызы үлкен адамгершілігімен, шынайы ақылдылығымен, жоғары кәсібилігімен есімізде қалды. Сүйікті жар, үлгілі ана, аяулы әже болды.

Мәпiш апайдың қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстарына қайғысына ортақта-

Ұстаз аты мәңгілік

Мәпiш Шәрiпова 1929 жылы 1 қаңтарда Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Ақши ауылында дүниеге келген.

1944 жылы 8 сыныпты үздік бітіріп, Алматыдағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық қыздар институтының дайындық бөліміне қабылданып, қазақ тілі мен әдебиеті факультетінде білім алды. 1949 жылы институтты ойдағыдай тәмамдап, Қарағандыдағы №2 мектеп-интернатында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі қызметін атқарды.

1950-1953 жылдары Мәпiш Шәрiпқызы Қарағанды облысы, Ленин ауданы бойынша аудандық кеңеске депутат болып сайланды.

1959 жылдан зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейін №2 мектеп-интернатында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен дәріс берді. 1965 жылы Мәпiш Шәрiпқызына «Қазақ ССР халық оқу ағарту ісінің озық қызметкері» атағы берілді. 1970 жылдардан бастап газет-журнал («Қызыл ту», «Қазақ әйелдері», «Замандас», «Орталық Қазақстан», «Азия

Транзит», «Сыр мен сымбат») беттеріне өлең, әңгімелер, очерктері жарияланып тұрды. 1992 жылы Алматыдағы «Жалын» баспаханасынан шыққан «Мерейлі мекен» жинағына бір топ өлеңдері жарияланған. 2002 жылы Алматыдағы «Дәуір» баспаханасынан «Жапырақ гүмбір сыбдыры», 2005 жылы Қарағанды қаласындағы «Азия Транзит» ақпарат баспа үйінен «Кешкі самал» атты кітаптары жарық көрді.

Мәпiш Шәрiпқызы үлкен адамгершілігімен, жоғары кәсібилігімен есімізде қалды. Сүйікті жар, үлгілі ана, аяулы әже болған Мәпiш Шәрiпқызының қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңiл айтамыз.

Нығмет Нұрмақов атындағы мамандандырылған мектеп-интернатының ұжымы

Соңғы қоңырау

Біз, қарт мұғалім, қазақ тілі мен әдебиетінің асқан маманы, өзінiң бүкiл еңбек жолын Қарағандыдағы қазіргі Н.Нұрмақов атындағы қазақ мектеп-интернатында өткізген, 97 жыл жасаған абыз ұстазымыз Мәпiш Шәрiпқызының шәкірттері, асыл азаматты фәниден бақиға шығарып салғалы отырмыз.

Біз үшін Мәпiш Шәрiпқызы алдымен қазақ халқының ұлы тұлғалары Абаймен, Мұхтармен, біз оқыған жылдары енді ағарып, халқымыздың қайтпай қауышқан Бейімбет, Ілияс, Сәкендермен алғаш таныстырған, жалпы қазақ әдебиетінің інжу-маржандарын теріп берген мұғаліміміз еді.

Мекен сабақ бергенде ұйып тыңдамайтын оқушы болмайтын, ол кісі сөйлемдерді түйдек-түйдегімен, көркем тілмен жеткізетін. «Апыр-ау, мына кісі ақын-ау», деген ой талайымыздың санамызда қалыптасқаны шындық. Ақыры ол кісінің ақындығы дарыны қауызын жарып шықты. Өмірінің соңғы кезеңінде төрт поэзиялық, екі прозалық кітабы жарық көрді. Кейінгі екі кітаптың бірі асыл жары, Отан соғысының қайсар жауынгері, Мәпiш Шәрiпқызы мектеп-интернатта өзге де мұғалімдермен және тәрбиешілермен бірге жүздеген шәкірттерге сапалы білім, саналы тәрбие беріп, өмірге қанаттандырды. Олардың көпшілігі жоғары білім алып, ғылым, білім, денсаулық сақтау және басқа шаруашылық салаларында жемісті еңбек етуде. Араларынан әр саланың ғылым докторлары Ә.Әлімбаев, А.Нұрмақов, Б.Ермағанбетов, Б.Қасенов, сенатор С.Ақылбай, білікті дәрігерлер Е.Бағдақов, Ф.Мағзұмов, А.Нұрбеков, ЖОО оқытушылары Ж.Иманов, Қ.Оралбеков, «Қармет» АҚ ҚД директоры А.Рысқұлов, өнер тарландары Мақпал Жүнісова, ағайынды Қайрат, Жақсыкелді Кемаловтар және басқа белгілі ұстаздар, инженерлер, ауыл шаруашылығы мамандары шықты.

Мұғалім – көп, ұстаз – аз. Мәпiш апайымыз – сол аз ұстаздардың қатарында еді. Тағдыры омыртқадан бастап аман алмайтын... Бір сөзбен айтқанда, біздің абыз ұстазымыз фибратты, өнегелі өмір сүрді. Ол кісінің жүрген жолы, ұстаған ұстанымы бүгінгі жастарға қараңғы аспанда жол салатын жарық жұлдыздай дер едік.

Кімаймыз. Жарқын бейнесі жадымызда мәңгі сақталады.

Көзі тірісінде ұстазымыз газет-журналдарға мақалалар жазып, қоғамды толғандырып отырған мәселелерге көзқарастарын білдіріп отырды. Мектеп-интернат тарихына, оның мұғалімдері мен тәрбиешілеріне қатысты естеліктері – өз алдына бір төбе.

Біз ұстазымызбен өмірінің соңғы күніне дейін халін біліп, хабарласып тұрдық. Шығармашылық қызметіне өзге де журналистик, қаламгерлермен бірге көмектесіп жүрдік. Тәкеңнен кейін аяулы ұлдары Серік пен Қайраттың қазасы, ковид ауруын жұқтыруы өмірге құштар жүректің мәңгі тоқтауына себепші болды. 2019 жылы жарыққа шығарған соңғы кітабын «Соңғы қоңырау» деп атапты. Жүрек, шіркін, сезген ғой мұнан кейін өлең жазып, кітап шығара алмайтынын...

Бір сөзбен айтқанда, біздің абыз ұстазымыз фибратты, өнегелі өмір сүрді. Ол кісінің жүрген жолы, ұстаған ұстанымы бүгінгі жастарға қараңғы аспанда жол салатын жарық жұлдыздай дер едік.

Қош, Ұлы Ұстазымыз, Абыз анямыз.

Шәкірттері атынан:
Аман ЖАНҒОЖИН,
Қазақстанның құрметті журналисі,
облыстық ардагерлер кеңесінің жауапты хатшысы,
Салқын ДӘРІБЕКОВ,
дәрігер, облыстық ардагерлер кеңесі тұрақты комиссиясының төрағасы

«Сауағда ағрағат» медиахолдингінің ұжымы «Қазақ ССР халық оқу ағарту ісінің озық қызметкері» атағының иегері, ұлағаты ұстаз, ақын

Мәпiш Шәрiпқызы ШӘРiПОВАНЫҢ

қайтыс болуына байланысты отбасы мүшесінің қайғысына ортақтасып, көңiл айтады.

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық кеңесі еңбек ардагері, ұлағаты ұстаз, республика халық ағарту ісінің озық қызметкері, ҚР білім беру ісінің Құрметті қызметкері, Баянауыл ауданының Құрметті азаматы

Мәпiш ШӘРiПҚЫЗЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңiл айтады.

МӘСЕЛЕ

«Жыр» болған автобус

Бір ай бұрын Балқаш қаласына жаңа автобустар келген болатын. Сатып алынған 22 автобус әлі күнге дейін тұрақта қанқарылып тұр. Тасымал көліктерінің іске кірісер түрі жоқ. Қала тұрғындары ескі автобуспен қатынауға мәжбүр. Су жаңа техниканың біреуін де мініп көрмеген жергілікті халық шағым айтып, наразылықтарын білдірде. «Экспонатқа» айналған автобустар мәселесінің мән-жайын анықтап көрдік.



Сурет ашық деректен

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

қаражатқа сұраныс жасаған.
— Бұл жерде біз заңға жүгінудің маңыздылығын атап өтуіміз керек. Қазіргі тасымалдаушының айтып отырған сомасы миллиардқа тең. Шағын қала мұндай шығынды көтере алмайды. Тіпті, авиакомпаниялар үшін мұндай субсидия жоқ. Біз мұндай үлкен қаражатқа келісім бермегеннен кейін тасымалдаушы мекеме жаңа автобустарды қолданып шығармай отыр. Өткен жылы есеп бойынша қаладағы 13 бағыт бойынша жалпы тасымал 350 миллион теңгені құраған. 11 бағыты бойынша шығын 280 миллион теңге көлемінде болды. Жылдағы кесте бойынша бізге бюджеттен қаржы бөлініп, арамызда келісім жасалған еді, — дейді Әнуар Сәмиев.

Ал, «Орталық Транс Сервис» ЖШС алған беттерін қайтар емес. Олар есептеулерінде негіз барлығын және сұралған қаражат толығымен дұрыс есептеліп, жоба ұсынылғандығын айтады.
— Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі атнан қа-

лалық әкімдік бізбен құжатта көрсетілген субсидиялау шартына қол қоюдан бас тартуда. Қалаға жаңа автобустарды әкелуге біздің компания бастама болған еді. Қолымызда бұл келісімшарттың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінде бірнеше данасы бар. Мөрленген құжат өзіміздің қолымызда тұр. Сыйымдылығы үлкен автобустар Балқаштың климатына сәйкес келеді. Отандық өнім. Біздің талабымызға сәйкес автобусты мейлінше жолаушыларға ыңғайлы етіп жасаған. Заманауи үлгідегі ұзындығы 10,5 метр болатын іші кең өте қолайлы. Сонымен қатар, қыс айларында автобус ішін жылыту үшін пештер саны көбейтілген. Балалық жолаушылар мен мүгедек адамдарға арнайы орындар бар. Олар басқа орын-

дарға қарағанда ерекшеленіп тұрады. Жаз айларында қапырық ыстықты басатын кондиционері, камерасы бар, — дейді «Орталық Транс Сервис» ЖШС бас инженері Алексей Макаров.

Айта кетейік, қазір қалаішілік жолаушыларды 25 автобус тасымалдауда. Жұртшылыққа шағын және тозығы жетіп, жұрттың наразылығын тудырған ескі қоғамдық көліктерді жаңадан алынған 22 автобус алмастырады деген үміті су сепкендей басылды. Субсидия мәселесі шешілмейінше, жаңа автобустар жолға шықпайтын түрі бар. Жаңа автобустардың мәселесі қашан шешілетіні өзирге белгісіз. Оған дейін балқаштықтар ескі, тар автобустарда жүре тұруына тура келеді.

БАЛҚАШ

АКЦИЯ

Киелі орындар қастерленуде

Шахтинск қаласы мен оған іргелес кенттердің халқы «Таза Қазақстан» республикалық акциясына белсене атсалысып, осы аптадағы іс-шаралар «Киелі мекен» ұранымен өтуде.

зақстандағы 100 киелі орынның бірі саналатын Долинка кентіндегі Саяси қуғын-сүргін құрбандарын

еске алу мұражайына кіретін 4 тарихи-мәдени ескерткіш абаттандырылды. Олардың маңындағы ағаштар әктеліп, кесіліп, шөбі шабылып, қоқыс қалдықтарын жиналып, сол жерлерге 20 түп қарағай көшеті отырғызылды.

Шахтинск аумағында өткен бұл шараға 5 мыңнан астамы адам қатысып, олар 15 мың шаршы метр алқапты тазалап, сыртқа 6 мың тоннадан аса қатты және тұрмыстық қалдықтарды шығарды.

ШАХТИНСК

Сурет ұйымдастырушылардан

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Экологиялық мәдениетті қалыптастыру, тұрғындар мен жастар арасында табиғат пен Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру мақсатында Ұлы Отан соғысында қаза тапқан батырларға арналған 4 ескерткіш обелискі, мемориал мен барельеф, жауынгер-интернационалистердің барельефі, Абай Құнанбаев ескерткіші мен Қа-

Сүйікті қалам – Қарағандым

Маған әлемнің қай қаласы ұнайды десе, Қарағанды деп айтар едім. Әрине, әлемде сондай үлкен, мықты, дамыған қалалар көп қой. Бірақ, маған әрқашан Қарағанды ерекше болып көрініп тұрады. Ол – әдемі, ғажап қала. Отбасымызбен бірге қаламнан алыс бір жаққа шығып келсек, қайтқым келіп тұрады. Өзімің үйімді, қаламды сағынамын.



Қарағанды еліміздегі ең үлкен қалалардың бірі болып саналады. Қазақстан картасында төртінші орында тұр. Сарыарқада орналасқан. Егер білмеген елдер, «Сарыарқа» деген қай жерде десе, үлкендер «Қарағанды жақ» деп айтады. Көптеген туристер шетелден Қарағандыға ұшып келіп, Қарқаралыны, Бектауағаны, қала маңындағы «ҚарЛаг» мұражайын тамашалайды.
Менің сүйікті қаламда небір әсем сауда үйлері, биік ғимараттар, ең әдемі театрлар, қызықты саябақтар, хайуанаттар бағы, цирк, кинотеатрлар бар. Біздің қаладағы цирк көптеген қалалардан ерекше. Хайуанаттар саябағына жылда жаңа аңдар келеді. Қазақстан бойынша ең үлкен теннис орталықтары да біздің қалада орналасқан. Әлемдегі мықты және танымал теннисшілер біздің қаламызға келіп, жарыстарға қатысады. Қарағандыда әлемге танымал боксшы Геннадий Головкин туған.
Менің ең сүйікті командалар «Шахтер» клубы осы қалада орналасқан. Ол – Қазақстан Премьер Лигасында ойнайтын футбол клубы. УЕФА Чемпиондар Лигасының төртінші ке-



отыр. Мен қаламды жақсы көремін, осы жерде туып, өскеніме мақтанамын. Осында менің көп достарым мен сүйікті мектебім бар. Мен ойнайтын ең сүйікті аула да осы қалада орналасқан. Менің басты армандарымның бірі – Қарағандының гүлдене түскенін көру.

Әкемің бір әңгімесінде бір жылдары Қарағандының саяси тұтқындар мекені болғаны туралы естіген едім. ҚарЛаг – содан қалған атауы. Саяси тұтқындар лагері қазір мұражайға айналған. Ол – небір қасіретті тағдырлар құпиясынан сыр шертетін қастерлі орын.
Жылдар бойы кеншілердің маңдай тері мен тұтқындардың көз жасы сіңген қасиетті топырақта Қарағанды секілді сәулетті қаланың бой көтеріп, гүлденуі біз секілді жастарды ерекше мақтаным сезіміне бөлейді.
Мен Қарағандының төл перзенті болғаным үшін өзімді шексіз бақытты санаймын және сүйікті қалам Қарағандыммен мақтанамын!
Мерейтойың құтты болсын, тұғырлы қалам!

Тоқтар КӘРІБАЕВ,
Мағжан Жұмабаев атындағы гимназияның 6 сынып оқушысы

Қайрат Ерболатұлы БИГОЖИН

«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының Қарағанды облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігі 2024 жылдың 18 сәуірінде өмірінің 61-ші жылында «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының Қарағанды облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігінің Шет аудандық комитеті филиалының төрағасы, құрметті әріптесіміз Қайрат Ерболатұлы Бигожин өмірден өткенін орны толмас өкінішпен хабарлайды.



Қайрат Ерболатұлы Бигожин 1964 жылы 19 қаңтарда Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы селосында дүниеге келген. Еңбек жолын 1981 жылы Ақсу-Аюлыдағы Жамбыл Ақылбаев атындағы мектеп-гимназияда бастап, өзін ұйымдастырушылық қабілеті жоғары білікті маман ретінде көрсете білген. Қайрат Ерболатұлының инновациялық үдерістерін жұмыс жасаудағы педагогикалық қызметі аудан, облыс мектептерінің басшыларына, өзінің басқарушы ұжымына үлгі болып табылады.
Барлық ғұмырын туған еліне, мектеп өміріне адал қызмет етуге арнаған, биік азаматтық ұстанымға ие, ұлағатты ұстаз Қайрат Ерболатұлы 2018 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін Шет аудандық кәсіподақ комитетінің аудандық филиалын абыроймен басқарды. Еңбек адамының әлеуметтік-құқықтық мүдделерін қорғап, мұқиятты тиісті орындарға жеткізіп, шешімін тауып, шын жанаңшыр бола білді. Кәсіподақтағы белсенді жұмысы жоғары бағаланып Салалық кәсіподақтың «Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін» төс белгісімен, мамандыққа адалдығы, облыс пен республика көлемінде білім беру жүйесін дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрлігінің «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды.

Қайрат Ерболатұлы саналы ғұмырын адамдарға шексіз қызмет етуге арнаған ардақты әке, асыл жар, өз ісінің кәсіби маманы, жан дүниесі кең, әрқашан қызметкерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғаған тұлға ретінде есте қалады.
Марқұмның туыстары мен жақындарына қайғырып көңіл айтамыз.
Қайрат Ерболатұлының жарқын бейнесі біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.

«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының Қарағанды облыстық ұйымы» ҚБ, облыстық кәсіподақ активі №95

Еске алу



(20.09.1951ж. – 23.04.2023ж.)
Асыл жан – жүрегімізде

Сүйікті әкеміз Нұртай Аманбайұлы АКИШЕВТІН дүниеден өткеніне 1 жыл толып отыр.

Әке,
Әмірімен кеттің мәңгі жырақтап,
Ұрпақтарың артыңнан қалған қамыға,
Рухыңыңа дұғаларды арнайды,
Сағынышым осы өлеңмен жырлайды.

Әкенің кім жетеді қадіріне,
Өзі үлгі, өзі дана асылым,
Жаратқаным рақым берсін өзіне,
Қабыл алсын жұмағының төріне!

Сағынып еске алушылар: **жұбайы, балалары, немерелері.**

№138

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексін, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00-18.00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fin.kar@minfin.gov.kz

Д

Судья Н.Т.Сабитованың Теміртау қалалық сотының өндірісінде Надежда Кимовна Жукваның арызы бойынша, 29.12.1987 жылы туған Артем Александрович Жуковты қайтыс болды деп тану туралы азаматтық іс қаралуға, соңғы тұрғылықты жері Теміртау қаласы. 6 шағын аудан, 44 үй, 74 пәтер. Азамат А. А. Жуковтың орналасқан жері жөнінде хабары бар тұлғалардан хабарламаны жарияланған күнінен бастап 3 ай мерзімде Қарағанды облысы, Теміртау қалалық сотына хабарлауды сұраймыз.

№143

Қарағанды Шинсервис ШИНАЛАР

Арнайы дилер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ

• жеңіл автокөліктер үшін
• жеңіл жүк көліктері үшін
• тракторлар және ауыл шаруашылығы техникалары үшін
• арнайы техникалар үшін

Біз ағам ШИНАЛАР САТПАЙМЫЗ, БІЗ АҒАМДҰ БАҒАГА САТАМЫЗ

Қарағанды қ. қойма: Асфальттың көш., 22, дүкен: Бытовоя көш., 14/1
тел. 8(7212) 97 20 27; 8 707 80 35 800

Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

43-21-55
Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

«Қарағанды құрамасы қатардан қалмайды»

V Дүниежүзілік көшпенділер ойынына америкалық ковбойлар қатыспақ ниетте. Бұл туралы әйгілі Кейси Филд пен көкпардан АҚШ құрамасының капитаны Лэдд Хоуэлден Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаевпен кездесуде мәлімдеді. Сонау америкалықтар бақ сынасақалы жатқан қазақтың ұлттық ойынына қарағандылықтардың қатысу-қатыспауы екі талай көрінеді...

Жап АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өткен Өңірлік коммуникациялар қызметі платформасындағы брифингте Қарағанды көкпар ойыншыларының V Дүниежүзілік көшпенділер ойынына бармайтындығы ашық айтылған болатын. Алайда, Қарағанды облысының Ұлттық және ат спорты федерациясының президенті Нұржан Шайхиннің айтуынша, бұл әзірге беймәлім сұрақ.

— Бұл туралы нақты ақпарат жоқ. Өйткені, біздің жігіттердің ол доға бару, я бармауын іріктеу сайысы шешеді. Ол халықаралық дода болған соң әр командадан ең мықтыларды сұрыптап алары хақ. Қазір қарағандылық белді көкпаршылар Тараз қаласында дайындық өткізуде. Олар сол дайындықпен республикалық іріктеу сайысына қатысады. Ал, іріктеуде ел арасынан ең таудаулы көкпаршылар шығады. Құрама болып шықпасақ та, танымал көкпаршылар Жалғас Боранов, Рамазан Шалғынбайлардан үміт бар. Олар спорт тілімен айтқанда қарағандылық легионерлер. Қарағанды құрамасы қатардан қалмасы анық, — деп атап өтті.

Расында, Қарағанды көкпардың орда-сы атанудан алшақ емес. Бір ғана «Бәйтерек» командасының жетістіктері біршама. Басшысы Дастан Рахманберлиннің және жаттықтырушысы Ерлан Оспановтың еңбегімен бірнеше қалааралық, республикалық додаларда бой көрсетіп, жүлдесіз оралмағаны анық. Бұл — арқалық көкпар-сүйер қауым үшін зор белес. Кешегі Қырғызстанның Шолпан-Ата ипподромында өткен Президент кубогінде ел намысын қорғап, ел құрамасын II орынға жетелеген де осы қарағандылық легионерлер. Төрт-



күл дүние назарына ілінген Жалғас Борановтың «Ақжал» атты жекпе-жек атымен бір балуанға есе жібермегенін көкпар сүйер қауым әлі ұмыта қоймайды. Қарағандылық балуандар «Астана» коман-

дасының жалауын желбіретіп, 22 елдің арасынан суырылып, II орынға шықты. Қазір көкпардан Қазақстан Ұлттық құрамасының сапында 19 спортшы бар. Оның бес-алтауы қарағандылық көкпаршылар.

— Алда V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына іріктеу сайыстары өтпек. Оған біздің облыстың ең тақымы сірі балуандары дайындық үстінде. Жалпы, облысымызда көкпардан 23 команда



бар. Кейде команда саны 25-ке дейін жетеді. Бұл ел ішіндегі балуан жастардың көкпарға ден қойғанын айғақтаса керек, — дейді Қарағанды көкпар федерациясының басшысы Нұрлан Мерекеұлы.

Оның үстіне қарағандылық көкпар командасының аттары да V Дүниежүзілік көшпенділер ойынында бой көрсетіп қалуы бек мүмкін. Тек қана балуандар емес «Реал», «Мессі», «Құйын» секілді шабуылшы аттар, «Байқоңыр» деген қорғаныс тұлпары және Қазақстан бойынша жекпе-жектің үздік үштігіндегі «Ақжал» атты жануардың халықаралық аренада бақ сынауға мүмкіндігі бар.

Сондай-ақ, америкалық делегация V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының көкпар жарысына қатысуға сақадай сай екенін жеткізді. Бұған дейін АҚШ-тың көкпардан Ұлттық құрамасы 2018 және 2022 жылдары Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына қатысқан болатын. Кездесу барысында Туризм және спорт министрі АҚШ-тан келген қонақтарды V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының кері санаттағы іске қосу рәсіміне қатысуға шақырды. Өз кезегінде делегация өкілдері родео спорты V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының көрме қойылымдары бағдарламасына енгізуді ұсынды.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

● ФУТБОЛ

Кубокқа таласа алмайды

«Қазақстан кубогы – 2024» аясында 1/8 финалының матчтары өтті. «Шахтер» клубы Премьер-лига дебютанты семейлік «Елім-ай» командасымен кездесіп, 1:2 есебімен жеңілді. Осылайша, кеншілер өлкесінің намысын қорғаушы команда жүлдеге таласу мәртебесінен айырылды.

Ойынның 50-минутта «Елім-ай» шабуылшысы Рожерио Шина «Шахтер» қақпасының жоғарғы бұрышына дәл соқты. Жерлестер барын салып, қарымта голды соққанымен, ойын аяқталуға үш минут қалғанда семейлік ойыншылар жеңіс голын тақты.

Ел кубогы тарихында «Шахтер» бір-ақ рет, 2013 жылы елордада «Астана-Арена» стадионында өткен финалда «Таразды» 1:0 есебімен ұтып, жеңімпаз атанған.



● ЕСКЕК ЕСУ СПОРТЫ

Алдына қара салмады

Жапония астанасы Токиода каноэ мен байдаркада есуден Азия чемпионаты өтіп жатыр. Онда отандастарымыз да сәтті өнер көрсетуде. Олардың қатарында қарағандылық спортшылар да бар.



Тартысқа толы чемпионатта байдарка және каноэ бөлімінің студенті Виктор Степанов 200 метрге каноэде есуден алтын медаль жеңіп алды. Спортшының жаттықтырушысы Владимир Петров пен Евгений Егоров бұл жеңістің оңайлықпен келмегенін айтады.

● ВОЛЕЙБОЛ

Елисеевті еске алды

Теміртау қаласында КСРО және Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Валерий Елисеевті еске алуға арналған әйелдер командалары арасында волейбол турнирі өтті.



Турнирге Астана, Қарағанды, Көкшетау, Теміртау, Сәтбаев қалалары мен Бұқар жырау, Шет, Абай аудандары және Павлодар облысының командалары қатысты.

Финалдық ойындар мен жарыстың жабылуы «Тау» спорт клубында өтті.

Теміртау командасы жеңімпаз атанса, күміс жүлде астаналық «Гауһар» командасына бұйырды. Үздік үштікті Павлодар облысының «Заря» командасы қорытындылады. Жеңімпаздар кубок және медальмен, белгілі қатысушылар естелік сыйлықтармен марапатталды.

Дайындаған
Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»
Суреттер ашық дереккөзден

● ӨНЕГЕ

Көпке ұнаған көрікті аула

Қиял әлемінің бір бөлшегі ауласында көрініс тапқан. Шахтинск қаласының тұрғыны Михаил Афанасьев жылдар бойы өз ауласын безендіріп келеді. Шағын шаһардың көпке үлгі көрсетіп жүрген азаматын біз де дәріптегенді жөн көрдік.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Михаил Афанасьев Жеңістің 40 жылдығы көшесінің бойында — орналасқан №65 үйде тұрады. Ол — 83 жаста. Облыс әкімі Шахтинск көшелерін аралап жүріп осы аулаға ерекше назар аударған және жергілікті әкімдікке қарияға көмек көрсетуді тапсырған. Еңбеккер тұрғынның ісі көпке үлгі екенін де атап өтті аймақ басшысы.

— Шахтинск қаласында 1973 жылдан бері тұрамын. 20 жыл бұрын ауламен айналыса бастадым. Алдымен ағаш отырғыздым. Мен табиғатты қадірлеймін. Жер-Ананы жақсы көремін. Содан кейін гүл еге бастадым. Кейіннен жануарлардың мүсіндерін жасай бастадым. Осының бәрі маған да, көршілеріме де қуаныш сыйлайды, — деді зейнеткер.

Михаил Афанасьев Қазан қаласының көркемсурет училищесін ағаш кесуші мамандығы бойынша тәмамдаған. Иіріліп өскен бұта

көрсек болды, іштей бір бейнені ойластыра бастайды екен. Ағаштан құстар мен жануарларды жасайды. Мүсіндердің кейбірін бояп та қояды.

— Менің аулама жыландар көп. Олар пішіні бойынша бұтақтарға ұқсайды. Көршілердің мені қолдайтыны қуантады. Міне, билік те менің жұмысымды байқады. Жергілікті әкімдік маған бояу сатып берді. Мүсіндерімді жаңартамын. Мұның бәрі одан әрі жұмыс істеуге деген құлшынысымды арттырады. Үйде емен ағаштарын өсіремін, — деді карт шебер.

Шахтинск қаласының әкімі Мұрат Қыдырғанбеков қариямен кездесіп, оған облыс әкімінің Алғыс хатын тапсырды.

Құрылыс материалдары сатып алынды. Келешекте үйдің алдындағы шағын бақшаны қоршап, көшеттер отырғызу үшін контейнерлер сатып алу жоспарда бар екен.

● БІР ТУЫНДЫНЫҢ ТАРИХЫ

Қылқалам күдіреті

Облыстық бейнелеу өнері музейінде қарағандылық қылқалам шеберлерінің шаңқар туындылары сақталған. Бір өкініштісі, есімдері тиісінше дәріптелмей жүр. Шын талантты есімі жаңғырсын деген мақсатта газетімізге сол суретшілер туралы жазып, картиналарын да жариялап жүрміз. Осы тұста облыстық бейнелеу өнері музейінің ерекше қолдау көрсеткенін атап өткен жөн. Бұл жолы Бейбіт Мұстафин хақында жазып отырмыз. Ол — биыл 90 жылдық тарихы бар қазыналы Қарағандыдан шыққан һас шебер. Төңірегімізге әр беріп, рухымызды асқақтатып тұрған ескерткіштердің авторы.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бейбіт Мұстафин көптеген аймақтық, республикалық, халықаралық және шет ел көрмерлеріне қатысқан. 1961 жылдың 18 қаңтарында Қарағанды қаласында туып-өскен. 1994 жылдан бері Суретшілер одағының мүшесі. Мәдениет қайраткері атағын алған. 1983 жылы Жезқазған педагогикалық институтын тәмамдаған. 1983-1994 жылдар аралығында Жезқазған педагогикалық институтында қызмет жасап, кейіннен Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің бейнелеу өнері және дизайн кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарған.

Алғашқы туындыларының өзінде-ақ өзіндік стиль иесі екенін таныта алған. Облыстық бейнелеу өнері музейінің қорында бірнеше картинасы сақталған. «Қонақ күту», «Республика алаңы», «Шалқыма концерт залы», «Шілдехана жаршысы». Бұл туындылар — жаңа да жарқын ізденістердің басы іспеттес.

— Жаңа ғасыр табалдырығынан атаған кәсіпкер суретшінің туындыларының сезімге ұрыш, жан-жақты, ерекше бояулы және күрделі тақырыптары, өнер иесінің самғауы биік, арман-қиялға толы, нағыз шеберлікті танытатын ерен ерекшелігімен айрықша. Сезім байлығы,

дарын-даралығы, ойшылдық тереңдігі арқасында рухани іс-әрекеті жүзеге асатын талғампаз суретшінің талай туындылары, сарқылмас жаратылыс жұмбағын, тіршілік тынысына терең мән-мағына дарытатын жаңа түр, жаңаша ою-өрнек, бояуымен қанатын кен жайған. Бейбіт Ермекеұлы — жан-жақты суретші. Бүгінде ол мүсін өнерімен де айналысып жүр. Нұра ауданының Киевқа кентінде орнатылған казак халқының қайталанбас тұлғасы, біздің ұлттық мақтанышымыз, сұңқар ақын, қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі, Мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллин ескерткішінің авторы, — деді облыстық бейнелеу өнері музейі басшысының орынбасары Мейрамгүл Елубаева.

Бейбіт Мұстафин «қазақтың бас ақыны» Абайдың 175 жылдығына орай Абай қаласына орнатылған Абай ескерткішінің және Бұқар жырау ауданының орталығы Ботақара кентінде қасқайып тұрған Бұқар жырау мүсінінің авторы.

— Бұл сәулеттік туынды арқылы біз еркіндікке ұмтылу идеясын, Бұқар жыраудың хандарға ақылы, халқына басшы болған өр рухты өжет тұлға екенін көрсеткіміз келді, — дейді автор.

Назарларыңызға «Қонақ күту» туындысын ұсынып отырмыз. Туынды кенепке майлы бояумен салынған.

Сурет облыстық бейнелеу өнері мұражайынан

